

Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 26 мамырдағы № 195 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 28 мамырда № 38809 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі (бұдан әрі - өзгерістер) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін өзгерістердің 1-тармағының елу төртінші, елу бесінші, елу алтыншы, алпысыншы, алпыс бірінші абзацтарын, 2-тармағының екінші, үшінші, бесінші, алтыншы, сексен алтыншы, тоқсаныншы, тоқсан үшінші, тоқсан жетінші, жүзінші, жүз екінші, жүз төртінші абзацтарын, 3-тармағының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, он екінші, он үшінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма сегізінші абзацтарын, 4-тармағының екінші, үшінші, бесінші, алтыншы, отыз төртінші, отыз бесінші, қырық үшінші, қырық төртінші, қырық алтыншы, қырық тоғызыншы, елу бірінші, елу екінші, елу үшінші абзацтарын, 5-тармағының екінші, үшінші, бесінші, алтыншы, алпыс алтыншы, жетпісінші, жетпіс үшінші, жетпіс алтыншы, жетпіс сегізінші абзацтарын, 6-тармағының екінші, үшінші, бесінші, алтыншы, елуінші, елу бірінші, елу екінші, елу үшінші, елу төртінші, елу бесінші, алпыс сегізінші, алпыс тоғызыншы, жетпісінші, жетпіс бірінші, жетпіс екінші абзацтарын қоспағанда, 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

2026 жылғы 12 шілдеге дейін "Бала туғанда берілетін мемлекеттік жәрдемақыны, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеуді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 24 мамырдағы № 169 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32571 болып тіркелген) бекітілген Бала туғанда берілетін мемлекеттік жәрдемақыны, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеуді жүзеге асыру қағидаларының 3, 7 және 10-қосымшалары, "Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 31 мамырдағы № 192 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32659 болып тіркелген) бекітілген Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу қағидаларының 3-қосымшасы, "Мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға берілетін мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 215 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32851 болып тіркелген) бекітілген Мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақыны, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға берілетін мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау және төлеу қағидаларының 4 және 8-қосымшалары және "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 227 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32885 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларының 2-қосымшасы осы бұйрықтың 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларына сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрі

А. Ертаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Атаулы әлеуметтік көмек саласындағы есептілік құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 24 мамырдағы № 168 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32567 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-қосымшада:

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу туралы ай сайынғы есеп" есептік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінің (1-МАӘК, ай сайын) 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есеп нысаны есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы автоматты түрде қалыптастырылады. Есептің барлық көрсеткіштері ағымдағы жылдың басынан өсу қорытындысымен көрсетіледі, бұл ретте әрбір нақты өтініш беруші (отбасы), отбасы мүшесі есепті кезең ішінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға қайта жүгіну санына қарамастан ескеріледі және есепке тек бір рет ғана қосылады.";

2-қосымшада:

"Шартсыз ақшалай көмек түріндегі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу туралы ай сайынғы есеп" есептік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінің (1-ШсАКМАӘК, ай сайын) 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есеп нысаны есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы автоматты түрде қалыптастырылады. Есептің барлық көрсеткіштері ағымдағы жылдың басынан бері өсу қорытындымен көрсетіледі, бұл ретте әрбір нақты өтініш беруші (отбасы), отбасы мүшесі есепті кезең ішінде шартсыз ақшалай көмек түріндегі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке жүгіну санына қарамастан ескеріледі және есепке қосылады.";

3-қосымшада:

"Шартты ақшалай көмек түріндегі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу туралы ай сайынғы есеп" есептік деректер нысанын толтыру

бойынша түсіндірмесінің (1-ШАКМАӘК, ай сайын) 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есеп нысаны есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы автоматты түрде қалыптастырылады. Есептің барлық көрсеткіштері ағымдағы жылдың басынан бері өсу қорытындысымен көрсетіледі, бұл ретте әрбір нақты өтініш беруші (отбасы), отбасы мүшесі есепті кезең ішінде шартты ақшалай көмек түріндегі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке жүгіну санына қарамастан ескеріледі және есепке бір рет қана қосылады.";

4-қосымшада:

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу туралы тоқсан сайынғы есеп" есептік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінің (1-ТМАӘК, тоқсан сайын) 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есеп нысаны есепті кезеңнен кейінгі тоқсанның бірінші күніндегі жағдай бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы автоматты түрде қалыптастырылады. Есептің барлық көрсеткіштері ағымдағы тоқсанның басынан бастап өсу қорытындысымен келтіріледі, бұл ретте әрбір нақты өтініш беруші (отбасы), отбасы мүшесі есепті жыл ішіндегі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке жүгіну санына қарамастан ескеріледі және есепке қосылады.";

5-қосымшада:

"Шартсыз ақшалай көмек түріндегі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу туралы тоқсан сайынғы есеп" есептік деректердің нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінің (1-ТШсАКМАӘК, тоқсан сайын) 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есеп нысаны есепті кезеңнен кейінгі тоқсанның бірінші күніндегі жағдай бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы автоматты түрде қалыптастырылады. Есептің барлық көрсеткіштері ағымдағы тоқсанның басынан бастап өсу қорытындысымен келтіріледі, бұл ретте әрбір нақты өтініш беруші (отбасы), отбасы мүшесі есепті жыл ішінде шартсыз ақшалай көмек түріндегі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке жүгіну санына қарамастан ескеріледі және есепке қосылады.";

6-қосымшада:

"Шартсыз ақшалай көмек түріндегі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу туралы тоқсан сайынғы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмесінің (1-ТШАКМАӘК, тоқсан сайын) 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есеп нысаны есепті кезеңнен кейінгі тоқсанның бірінші күніндегі жағдай бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің автоматтандырылған

цифрлық жүйесі арқылы автоматты түрде қалыптастырылады. Есептің барлық көрсеткіштері ағымдағы тоқсанның басынан бері өсу қорытындысымен келтіріледі, бұл ретте әрбір нақты өтініш беруші (отбасы), отбасы мүшесі есепті жыл ішінде шартсыз ақшалай көмек түріндегі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке жүгіну санына қарамастан ескеріледі және есепке қосылады.";

7-қосымшада:

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған алушылар туралы ай сайынғы есеп" есептік деректер нысанды толтыру бойынша түсіндірмесінің (1-МАӘКАТЕ, ай сайын) 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есеп нысаны есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы автоматты түрде қалыптастырылады. Есептің барлық көрсеткіштері ағымдағы жылдың басынан бері өсу қорытындысымен келтіріледі, бұл ретте санаттар бойынша мәліметтер есепті кезеңдегі қолданыстағы мәртебеге сәйкес есепке алынады." ;

8-қосымшада:

"Шартсыз ақшалай көмек түріндегі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған алушылар туралы ай сайынғы есеп" есептік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінің (1-ШсАКМАӘКАТЕ, ай сайын) 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есеп нысаны есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы автоматты түрде қалыптастырылады. Есептің барлық көрсеткіштері ағымдағы жылдың басынан бері өсу қорытындысымен келтіріледі, бұл ретте санаттар бойынша мәліметтер есепті кезеңдегі қолданыстағы мәртебеге сәйкес есепке алынады." ;

9-қосымшада:

"Шартты ақшалай көмек түріндегі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған алушылар туралы ай сайынғы есеп" есептік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінің (1-ШАКМАӘКАТЕ, ай сайын) 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есеп нысаны есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы автоматты түрде қалыптастырылады. Есептің барлық көрсеткіштері ағымдағы жылдың басынан бері өсу қорытындысымен келтіріледі, бұл ретте санаттар бойынша мәліметтер есепті кезеңдегі қолданыстағы мәртебеге сәйкес есепке алынады." ;

10-қосымшада:

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған алушылар туралы тоқсан сайынғы есеп" есептік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінің (1-ТМАӘКАТЕ, тоқсан сайын) 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есеп нысаны есепті тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы автоматты түрде қалыптастырылады. Есептің барлық көрсеткіштері ағымдағы тоқсанның басынан бері өсу қорытындысымен келтіріледі, бұл ретте санаттар бойынша мәліметтер есепті кезеңдегі қолданыстағы мәртебеге сәйкес есепке алынады.";

11-қосымшада:

"Шартсыз ақшалай көмек түріндегі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған алушылар туралы тоқсан сайынғы есеп" есептік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінің (1-ТШсАКМАӘКАТЕ, тоқсан сайын) 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есеп нысаны есепті тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы автоматты түрде қалыптастырылады. Есептің барлық көрсеткіштері ағымдағы тоқсанның басынан бері өсу қорытындысымен келтіріледі, бұл ретте әрбір нақты өтініш беруші (отбасы), отбасы мүшесі есепті жыл ішінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке жүгіну санына қарамастан ескеріледі және есепке қосылады.";

12-қосымшада:

"Шартты ақшалай көмек түріндегі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған алушылар туралы тоқсан сайынғы есеп" есептік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінің (1-ТШАКМАӘКАТЕ, тоқсан сайын) 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есеп нысаны есепті тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы автоматты түрде қалыптастырылады. Есептің барлық көрсеткіштері ағымдағы тоқсанның басынан бері өсу қорытындысымен келтіріледі, бұл ретте әрбір нақты өтініш беруші (отбасы), отбасы мүшесі есепті жыл ішінде шартсыз ақшалай көмек түріндегі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке жүгіну санына қарамастан ескеріледі және есепке қосылады.";

14-қосымшада:

"Шартты ақшалай көмек түріндегі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылардың жан басына шаққандағы табыстары туралы есеп" есептік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінің (1-ШАКМАӘКАЖБШТЕ, ай сайын) 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есеп нысаны әкімшілік деректер негізінде есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің

автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы автоматты түрде қалыптастырылады. Есептің барлық көрсеткіштері ағымдағы жылдың басынан үдемелі қорытындымен көрсетіледі.";

15-қосымшада:

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлемін тоқтату немесе тағайындаудан бас тарту жөніндегі есеп" есептік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінің (1-МАӨКТБТЕ, ай сайын) 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есеп нысаны есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы автоматты түрде қалыптастырылады. Есептің барлық көрсеткіштері ағымдағы жылдың басынан бері өсу қорытындысымен көрсетіледі.";

16-қосымшада:

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін өткізілген консультациялар бойынша есеп" есептік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінің (1-МАӨКТҮӨКЕ, ай сайын) 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есеп нысаны әкімшілік деректер негізінде есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы автоматты түрде қалыптастырылады. Есептің барлық көрсеткіштері ағымдағы тоқсанның басынан бері өсу қорытындысымен келтіріледі, бұл ретте әрбір нақты өтініш беруші (отбасы), отбасы мүшесі есепті кезең ішінде шартсыз ақшалай көмек түріндегі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке жүгіну санына қарамастан ескеріледі және есепке бір рет қана қосылады.";

17-қосымшада:

"Бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі әрбір балаға ай сайынғы қосымша төлемді тағайындау және төлеу туралы ай сайынғы есеп" есептік деректер нысанын толтыру бойынша түсініктемесінің (1-МАӨКҚТ, ай сайын) 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есеп нысаны есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы автоматты түрде қалыптастырылады. Есептің барлық көрсеткіштері ағымдағы жылдың басынан бері өсуі қорытындысымен көрсетіледі.";

18-қосымшада:

"Бір жастан алты жасты қоса алғанға дейінгі әрбір балаға ай сайынғы қосымша төлемді тағайындау және төлеу туралы тоқсан сайынғы есеп" есептік деректер нысанын толтыру бойынша түсініктемесінің (1-ТМАӨКҚТ, тоқсан сайын) 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есептің нысаны есепті тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің автоматтандырылған

цифрлық жүйесі арқылы автоматты түрде қалыптастырылады. Есептің барлық көрсеткіштері ағымдағы тоқсанның басынан бері өсу қорытындысымен келтіріледі.";

19-қосымшада:

1-кестеде:

реттік нөмірі 1-жолдың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке жоспарда көрсетілген іс-шаралар көзделген өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)";

"Ассистенттің әлеуметтік келісімшартты сүйемелдеу туралы ай сайынғы есеп" есептік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінде (1-ААЕ, ай сайын):

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есеп нысаны есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің автоматтандырылған цифрлық жүйе арқылы автоматты түрде қалыптастырады. Есептің барлық көрсеткіштері ағымдағы айдың басынан бері өсу қорытындысымен көрсетіледі.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. 4-баған жеке жоспарда жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тарту және әлеуметтік бейімдеу бойынша іс-шаралар көзделген өтініш беруші мен отбасы мүшелерінің тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) қамтиды.";

20-қосымшада:

"Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттың әлеуметтік келісімшартты сүйемелдеу туралы ай сайынғы есебі" есептік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірмесінің (1-ӘЖКАЕ, ай сайын) 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есеп нысаны есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы автоматты түрде қалыптастырады. Есептің барлық көрсеткіштері ағымдағы айдың басынан бері қорытындысымен көрсетіледі.".

2. "Бала туғанда берілетін жәрдемақыны, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеуді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 24 мамырдағы № 169 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32571 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 72-бабы 2-тармағының екінші абзацына сәйкес және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бала туғанда берілетін мемлекеттік жәрдемақыны , бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін

жәрдемақыны, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеуді жүзеге асыру қағидаларында:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Бала туғанда берілетін мемлекеттік жәрдемақыны, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеуді жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 72-бабы 2-тармағының екінші абзацына (бұдан әрі – Кодекс) және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі – Заң) Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және бала туғанда берілетін мемлекеттік жәрдемақыны, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеуді жүзеге асыру тәртібін айқындайды.";

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қағидаларға мемлекеттік қызмет көрсету бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді көздейтін бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығын, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясын, "цифрлық үкімет" операторын және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелерін енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы хабардар етеді."

2-тармақта:

2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) цифрлық жүйе – цифрлық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған цифрлық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырушылықпен ретке келтірілген жиынтығы;

3) екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілері – екінші деңгейдегі банктердің цифрлық ресурстары, бағдарламалық қамтылымы, интернет-ресурсы және цифрлық инфрақұрылымы;"

16) және 17) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"16) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;

17) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы);”;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Бала туғанда берілетін және бала күтіміне байланысты жәрдемақыларды тағайындау үшін өтініш беруші Мемлекеттік корпорация, портал немесе екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілері арқылы жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес "Бала туғанда берілетін және бала күтіміне байланысты жәрдемақыларды тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтінішпен жүгінеді.

Бала туғанда берілетін және бала күтімі жөніндегі жәрдемақыларды тағайындау үшін өтініш ұсыну Заңға сәйкес жәрдемақыны проактивті көрсетілетін қызмет арқылы тағайындаған кезде талап етілмейді.

Өтініш берушінің электрондық өтінішінде көрсетілген өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат, баланың (балалардың) туу туралы куәлігі (куәліктері) немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтаманың мәліметтері, неке кию (ерлі-зайыптылық), некені бұзу туралы куәлік, балаға қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленгенін растайтын құжат немесе туу туралы актілік жазбадан бала асырап алу туралы мәліметтер, тұрғылықты жері бойынша тіркелуі туралы мәліметтер, банк шотының нөмірі туралы мәліметтер осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне сұрау салуларға сәйкес "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден (бұдан әрі – цифрлық жүйелер) алынады.

Шет мемлекеттің құзыретті мекемесі не соған уәкілетті тұлға оның құзыреті шегінде және белгіленген нысан бойынша берілген немесе куәландырылған, шет мемлекеттің елтаңбалы мөрімен бекітілген баланың (балалардың) туу туралы куәлігін (куәліктерін) ұсынған кезде, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, "Апостиль қоюдың бірыңғай қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрі міндетін атқарушысының 2021 жылғы 4 қарашадағы № 950, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 15 қарашадағы № 702, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 16 қарашадағы № 1182, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппараты) басшысының 2021 жылғы 16 қарашадағы № 30, Қазақстан

Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 24 қарашадағы № 363, Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры міндетін атқарушысының 2021 жылғы 24 қарашадағы № 155, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 29 қарашадағы № 574 және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 8 желтоқсандағы № 851 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16116 болып тіркелген), "Құжаттарды заңдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 11-1-2/576 бұйрығына сәйкес апостиль қою не заңдастыру рәсімдерін өткеннен кейін ғана қабылданады.

Бала туғанда берілетін және бала күтіміне байланысты жәрдемақыларды тағайындау үшін баланың (балалардың) туу туралы куәлігі не туу туралы азаматтық хал актілер жазбасынан мәліметтерді қамтитын анықтама, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тіркелген неке (ерлі-зайыптылық) қию туралы мәліметтерді қоспағанда, неке (ерлі-зайыптылық) қию, бұзу туралы куәлік, сондай-ақ балаға қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленгенін растайтын құжат немесе туу туралы актілік жазбадан бала асырап алу туралы мәліметтер, банк шотының нөмірі туралы мәліметтер осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне сұрау салуға сәйкес көрсетілген құжаттарда қамтылған ақпарат расталған кезде талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің және көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілердің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын талаптар осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Баланың (балалардың) тууын тіркеген кезде көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша "Бала туғанда берілетін және бала күтіміне байланысты жәрдемақыларды тағайындау" мемлекеттік қызметі "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Өтініш берушінің электрондық өтінішінде көрсетілген өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат, баланың (балалардың) туу туралы куәлігі (куәліктері)

немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерінің тіркеу туралы анықтаманың, неке қию (ерлі-зайыптылық), некені бұзу туралы куәліктің, балаға қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленгенін растайтын құжаттың мәліметтері немесе туу туралы актілік жазбадан бала асырап алу туралы мәліметтер, тұрғылықты жері бойынша тіркелуі туралы мәліметтер осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне сұрау салуға сәйкес "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден (бұдан әрі – цифрлық жүйелер) алынады.

Шет мемлекеттің құзыретті мекемесі не соған уәкілетті тұлға оның құзыреті шегінде және белгіленген нысан бойынша берілген немесе куәландырылған, шет мемлекеттің елтаңбалы мөрімен бекітілген баланың (балалардың) туу туралы куәлігін (куәліктерін) ұсынған кезде, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, "Апостиль қоюдың бірыңғай қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрі міндетін атқарушысының 2021 жылғы 4 қарашадағы № 950, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 15 қарашадағы № 702, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 16 қарашадағы № 1182, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппараты) басшысының 2021 жылғы 16 қарашадағы № 30, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 24 қарашадағы № 363, Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры міндетін атқарушысының 2021 жылғы 24 қарашадағы № 155, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 29 қарашадағы № 574 және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 8 желтоқсандағы № 851 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16116 болып тіркелген), "Құжаттарды заңдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 11-1-2/576 бұйрығына сәйкес апостиль қою не заңдастыру рәсімдерін өткеннен кейін ғана қабылданады.

Бала туғанда берілетін және бала күтіміне байланысты жәрдемақыларды тағайындау үшін баланың (балалардың) туу туралы куәлігі не туу туралы азаматтық хал актілер жазбасынан мәліметтерді қамтитын анықтама, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тіркелген неке (ерлі-зайыптылық) қию (бұзу) туралы мәліметтерді қоспағанда, неке қию (ерлі-зайыптылық), некені бұзу туралы куәлік, сондай-ақ балаға қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленгенін растайтын құжат немесе туу туралы актілік жазбадан бала асырап алу туралы мәліметтер, банк шотының нөмірі туралы

мәліметтер осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне сұрау салуға сәйкес көрсетілген құжаттарда қамтылған ақпарат расталған кезде талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің және көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілердің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын талаптар осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.";

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Наградталған аналарға арналған жәрдемақыны тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе портал арқылы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылатын өтінішке осы Қағидаларға 8 және 9-қосымшаларына сәйкес "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттар қоса беріледі.

Жеке басын куәландыратын, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталғаны немесе алғаны немесе бұрын "Батыр ана" атағын алғаны, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталғаны туралы құжаттар, тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін куәландыратын мәліметтер, банк шотының нөмірі туралы мәліметтер осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне сұрау салуға сәйкес цифрлық жүйелерден алынады.

Наградталған аналардың "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталғаны немесе алғаны немесе бұрын "Батыр ана" атағын алғаны, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталғаны туралы құжаттарды, банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді ұсыну, оларда қамтылған ақпарат осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне сұрау салуға сәйкес расталған кезде талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын талаптар осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес "Алтын алқа",

"Күміс алқа" алқаларымен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

14. Өтініш беруші жәрдемақы тағайындау үшін тиісті құжаттар ұсынғаннан кейін оның қатысуымен Мемлекеттік корпорацияның қалалық, аудандық бөлімшесінің маманы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация бөлімшесі), егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде дербес деректерді жинауға және өңдеуге, цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады және:

мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес сұрау салуды;

уәкілетті мемлекеттік органның цифрлық жүйесіне өтініш берушіде балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы тағайындау, төлеу немесе өтініш беру фактісінің болуына, соңғы жиырма төрт айда міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатыспауына (бала күтіміне байланысты жәрдемақыны тағайындау үшін) сұрау салуды қалыптастырады.

Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар сұратылып отырған мәліметтерді растайтын электрондық құжаттарды ұсынған кезде сұрау салуды жүзеге асырған Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш берушіге осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

Өтініш беруші түпнұсқада ұсынған құжаттар және өтініш сканерленеді және құжаттардың электрондық көшірмесі Мемлекеттік корпорация бөлімшесі маманының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылады, содан кейін өтініш берушіге қайтарылады.

Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар сұратылып отырған мәліметтерді растайтын электрондық құжаттарды ұсынбаған жағдайда өтініш берушіге осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

Уәкілетті мемлекеттік органның цифрлық жүйесінен жәрдемақыларды тағайындау, төлеу немесе тағайындауға өтініш беру фактісін растайтын ақпарат алған кезде өтініш берушіге осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі тиісті жәрдемақыны тағайындау үшін өтініш берушіден қабылданатын құжаттар топтамасының, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелерінен алынған мәліметтердің толықтығын тексереді, сканерлеу сапасын және өтініш беруші ұсынған құжаттардың электрондық көшірмелерінің түпнұсқаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей Мемлекеттік корпорацияға ұсынады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Бала туғанда берілетін жәрдемақы және (немесе) бала күтіміне байланысты, көпбалалы отбасыға және наградталған аналарға берілетін жәрдемақыларды тағайындау үшін өтініш беруші портал арқылы жүгінген кезде ұсынылған мәліметтерді растау және осы Қағидаларға 2, 6 және 9-қосымшаларға сәйкес өтініш нысанында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне сұрау салуды өтініш берушінің өзі жүзеге асырады.

Растайтын мәліметтерді алған кезде портал арқылы сұрау салуды жүзеге асырған өтініш беруші бала туғанда берілетін және (немесе) бала күтіміне байланысты, көпбалалы отбасыға немесе наградталған аналарға берілетін жәрдемақыны тағайындау туралы электрондық өтінішті өзінің ЭЦҚ-сы арқылы куәландырады және оны уәкілетті мемлекеттік органның автоматтандырылған цифрлық жүйесіне жібереді.

Өтініш беруші талап етілген құжаттарды тапсырған кезде өтініш берушінің "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранысты қабылдау мәртебесі көрінеді.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде тиісті жәрдемақыны тағайындау туралы өтінішті осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініштерді тіркеудің электрондық журналында тіркейді.

Портал немесе екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілері арқылы келіп түскен электрондық өтінімдер осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлемдерді тағайындау үшін портал немесе екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілері арқылы келіп түскен азаматтардың өтініштерін тіркеудің электрондық журналында тіркеледі.

Қажетті құжаттары, оның ішінде электрондық құжаттары бар өтінішті уәкілетті орган оны Мемлекеттік корпорацияда тіркеген күннен бастап, ал цифрлық жүйелер өтініш беруші туралы бұрын болмаған мәліметтердің болуын белгіленген тәртіппен растаған жағдайда – мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелері өтініш беруші туралы мәліметтерді растаған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде қарайды.";

29 және 30-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны өтініш беруші өзі жүгінген кезде тапсыру немесе өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу арқылы

жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қабылдаған шешім туралы хабардар етеді. Хабарлама осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламалар журналында тіркеледі. Smsc-хабарлама осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша sms-хабарламаның электрондық журналында тіркеледі.

Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсетуді мониторингтеу цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы деректер енгізуді қамтамасыз етеді.

30. Кодексте көзделген негіздер бойынша жәрдемақыларды тағайындау құқығы туындаған кезде көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірін порталда тіркеу кезінде жәрдемақыларды тағайындау және тілді таңдау мүмкіндігі туралы хабардың "Е-макет" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "Е-макет" АЦЖ) арқылы бастамашылық жасалады.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Проактивті қызмет арқылы жәрдемақыларды тағайындау кезінде осы Қағидалардың 2, 5 және 8-қосымшаларында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне сұрау салу "Е-макет" АЦЖ арқылы жүзеге асырылады.";

6-параграфтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-параграф. Екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілері арқылы көрсету тәртібі";

35-1, 35-2 және 35-3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"35-1. Кодексте көзделген негіздер бойынша бала туғанда берілетін, бала күтіміне байланысты және көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақыларды тағайындау құқығы туындаған кезде өтініш беруші екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілері арқылы жәрдемақыларды тағайындауға автоматтандырылған режимде қалыптастыруға бастамашылық жасайды, онда ол осы Қағидаларға 2 және 6-қосымшаларға сәйкес өтініш бланкісінде көзделген міндеттемелер мен шарттар туралы хабардар етіледі.

Екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілері арқылы жәрдемақы тағайындау барысында осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысанында көзделген мәліметтерді, екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектісі тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйесінен "цифрлық үкіметтің" шлюзіне сұрау салу арқылы алады.

35-2. Осы Қағидалардың 35-1-тармағының екінші бөлігінде көзделген тәртіппен мәліметтерді алғаннан кейін екінші деңгейлі банктердің цифрлық объектісі жәрдемақы тағайындау, жүзеге асыру, оны тағайындауға проактивті қызмет арқылы өтініш немесе келісім беру фактілерінің жоқтығы туралы мәліметтерді алуға "Е-макет" АЦЖ-ға сұрау салуды жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген фактілер болмаған кезде өтініш беруші танысатын және оған өз ЭЦҚ-мен қол қоятын мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйесінен алынған мәліметтер негізінде электрондық өтініш қалыптастырылады.

Жәрдемақы тағайындауға өтініш жасалған күн өтініш берушінің өзінің ЭЦҚ-мен екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілері арқылы жәрдемақы тағайындауға өтініш жасалған күн болып табылады.

35-3. Екінші деңгейлі банктердің цифрлық объектісі "Е-макет" АЦЖ-ға электрондық өтініш жіберуге бастамашылық жасайды, онда ол Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес көрсетілген ақпараттардың толықтығы тексеруден өтеді, тексеру аяқталғаннан кейін өтініш автоматты түрде осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық өтініштерді тіркеу журналына тіркеледі, содан кейін өтініш берушіге өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі.

"Е-макет" АЦЖ-да электрондық іс макеті және шешім жобасы автоматты түрде қалыптастырылады және ол жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға түседі.

Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қызметкерлерінің іс-әрекеттері осы Қағидалардың 24-28-тармақтарында көзделген.";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі тиісті жәрдемақылар төлемін осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның төлемді тоқтата тұру туралы шешімінің негізінде:

1) жәрдемақылар беру жөніндегі уәкілетті ұйым ұсынатын алушының банк шоты бойынша үш және одан көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы;

2) алушылар қатарынан іздеуде жүрген адамдардың хабарсыз кету, іздеуде жүру фактісінің, оның ішінде цифрлық жүйелерден анықталғаны туралы;

3) жәрдемақыларды алушылардың және асырауындағылардың Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кету фактісінің, оның ішінде цифрлық жүйелерден анықталғаны туралы;

4) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның, қандастың жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімінің өтуі, оның ішінде цифрлық жүйелерден анықталғаны туралы;

5) жәрдемақы алушының сот тағайындаған бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны өтеуі туралы;

6) арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдендірілген көлемінен басқа қызметтер көрсетілетін адамды қоспағанда, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны алушының арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында тұратыны және мемлекеттің толық қамсыздандыруында болуы туралы;

7) жәрдемақы алушылардың және асырауындағылардың қайтыс болу фактісінің, оның ішінде цифрлық жүйелерден анықталғаны туралы;

8) күндізгі оқу орнында тиісті курста оқу фактісінің болмауы туралы, білім алушының академиялық демалысқа шығуы туралы;

9) көпбалалы отбасыға жәрдемақы төлеу үшін баланың он сегіз жасқа толуы туралы өтініш берушіден және (немесе) цифрлық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап төлемдерді тоқтата тұрады.";

42-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату фактісі анықталған, оның ішінде цифрлық жүйелерден алған жағдайларда;"

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"53. Жәрдемақы тағайындалған электрондық іс макеттері уәкілетті органның цифрлық жүйесінде сақталады.";

54-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсеткен кезде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не цифрландыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 5-қосымша осы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 6-қосымша осы Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 7-қосымша осы Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 7-1-қосымша осы Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 8-қосымша осы Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 9-қосымша осы Тізбеге 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 10-қосымша осы Тізбеге 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 11-қосымша осы Тізбеге 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 12-қосымша осы Тізбеге 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 13-қосымша осы Тізбеге 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 14-қосымша осы Тізбеге 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 15-қосымша осы Тізбеге 16-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26 және 27-қосымшалар осы Тізбеге 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27 және 28-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 28-қосымша осы Тізбеге 29-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 29-қосымша осы Тізбеге 30-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық кірісін есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 181 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32609 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық кірісін есептеу бұйрығына:

4-тармақтың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32880 болып тіркелген) Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару туралы қағидалары (әрі қарай – Ерікте түрде қоныс аудару қағидалары) шеңберінде ерікті қоныс аударуға қатысушыларға (отбасының әрбір мүшесіне) көшуге арналған біржолғы төлемді қоспағанда, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысудан алынған кірістер.";

8-тармақта:

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларымен (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) бекітілген азық-түлік өнімдері бағасының қымбаттауына байланысты табысы аз азаматтарға мемлекеттік бюджеттен және өзге де көздерден көрсетілген ақшалай немесе зат түріндегі көмек;"

26) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"26) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушысының 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36055 болып тіркелген) Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау қағидасына сәйкес жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін азаматтардың жекелеген санаттарына тұрғын үй төлемдері.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мансап орталығы өтініш берушінің келісімімен өтініш берушінің кірістерін уәкілетті мемлекеттік органның және (немесе) тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың автоматтандырылған цифрлық жүйесінің деректерімен, мансап орталығының немесе ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің сұрау салуы бойынша мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар ұсынған жазбаша құжаттармен, мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың тиісті цифрлық жүйелерінде мәліметтердің болмауына байланысты өтініш беруші ұсынған құжаттармен салыстырып тексереді.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Шетелдік валютада алынған кіріс "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 56 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 29 қыркүйектегі № 544 бірлескен қаулысы мен бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36983 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелерінде міндетті зейнетақы жарналарының мөлшері туралы мәліметтер болмаған кезде және (немесе) олар өтініш беруші ұсынған мәліметтерге сәйкес келмеген кезде еңбекақы түрінде алынған кіріс жұмыс берушінің еркін нысандағы анықтамаларымен расталады.

Мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың тиісті цифрлық жүйелерінде мәліметтер болмаған кезде және (немесе) олар өтініш беруші ұсынған мәліметтерге сәйкес келмеген кезде республикалық бюджет есебінен әлеуметтік төлемдер түрінде кіріс алу зейнетақы немесе жәрдемақы алушы куәлігінің көшірмесімен немесе "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының филиалдары беретін анықтамалармен расталады.

Тәуелсіз қызметкердің кірісі еркін нысандағы жазбаша өтінішпен расталады.";

23-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жұмыс істемейтін және мансап орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген (Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 214 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 32850 болып тіркелген) бекітілген Жұмыс іздеп жүрген адамдарды, жұмыссыздарды тіркеу және мансап орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидаларының 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы ақпарат ұсынған кезде);";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың тиісті цифрлық жүйелерінде мәліметтер болмаған кезде және (немесе) олар өтініш беруші ұсынған мәліметтерге сәйкес келмеген кезде балаларға және басқа да асырауындағыларға алынған алимент ұйымдардың аударылған алименттер туралы анықтамаларымен не алынған алименттер туралы пошта аударымдарының түбіртегімен, сондай-ақ сот органдарының алимент өндіріп алу туралы актісін қоса бере отырып, еркін нысандағы жазбаша өтініш негізінде расталады. Алимент бойынша берешек 3 айдан астам мерзімге қалыптасқан кезде сот орындаушысының алименттер бойынша берешекті айқындау туралы қаулысы ұсынылады.";

26-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) шаруа (фермер) қожалығының қызметі нәтижесінде және шартты жер үлесі мен мүліктік пайлардан алынған кіріс ескеріледі.

Шаруа қожалығы мүшелерінің жиынтық кірісін есептеу Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 39 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19897 болып тіркелген) бекітілген Салық есептілігі нысандарын және оларды жасау қағидаларына сәйкес салық органдарына ұсынылатын алынған кіріс туралы декларацияда көрсетілген ауыл шаруашылығы өнімдерін сатудан нақты алынған кіріс ескеріле отырып жүргізіледі. Бұл ретте жылдық кіріс он екі айға бөлінеді және оның тиісті бөлігі айқындалатын кезеңдегі жалпы жиынтық кірісі қосылады;"

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың тиісті цифрлық жүйелерінде міндетті зейнетақы жарналарының мөлшері туралы ақпарат болмаған кезде және (немесе) олар өтініш беруші ұсынған мәліметтерге сәйкес келмеген кезде азаматтық-құқықтық шарт бойынша алынған кіріс шарттың көшірмесімен және тапсырыс берушінің жүгінер алдындағы тоқсанға алынған орындалған жұмыс (қызметтер) үшін сыйақы төлемінің мөлшері туралы анықтамасымен расталады.

Азаматтық-құқықтық шарт жасамай жұмыспен қамтылған адамдардың жиынтық кірісі олардың өтініші негізінде расталады. Бұл жағдайда орындалған жұмыстар (қызметтер) үшін сыйақы төлемінің заттай бөлігі нарықтық бағамен ақшалай эквивалентте жиынтық кіріске қосылады."

көрсетілген Қағидалардың 9-қосымшасы осы Тізбеге 31-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 31 мамырдағы № 192 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32659 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін: кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі 191-бабының 4-тармағына және 193-бабының 1-тармағына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 191-бабының 4-тармағына және 193-бабының 1-тармағына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың 14) және 15) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"14) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесі" болып табылатын цифрлық объект;

15) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы);";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уәкілетті мемлекеттік орган осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты жаңартады және оны Бірыңғай байланыс-орталығына, жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға, Мемлекеттік корпорацияға және "цифрлық үкімет" операторына жібереді.";

4-тармақта:

төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорацияның, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсеткен кезде цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімін алады.";

тоғызыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кодексте көзделген негіздер бойынша жәрдемақыны тағайындауға құқық пайда болған кезде көрсетілетін қызметті алушыға порталда тіркелген телефон нөміріне Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Е-макет" цифрлық жүйесі арқылы жәрдемақыны тағайындау және тіл таңдау мүмкіндігі туралы хабарлама жіберіледі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Өтініш беруші жәрдемақы тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жүгінген кезде өтініш берушіде тағайындау немесе төлем тағайындауға өтініш беру фактісінің болуына тексеру жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорацияның цифрлық жүйесінен тиісті төлем тағайындау немесе жәрдемақы тағайындауға өтініш беру фактісін растайтын мәліметтер алынған кезде өтініш берушіге осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.";

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Өтінішті қабылдаған Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің маманы өтініш берушіден жәрдемақы тағайындау үшін қабылданатын құжаттар топтамасының, мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелерінен алынған мәліметтердің толықтығын тексереді, сканерлеу сапасын және құжаттардың электрондық көшірмелерінің өтініш беруші осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне сай ұсынған түпнұсқаларына сәйкестігін қамтамасыз етеді.";

12-тармақта:

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жәрдемақыларды проактивті тәсілмен тағайындаған кезде электрондық мәліметтерден тұратын электрондық өтінім Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің ЭІМ-ді және шешімнің электрондық жобасын қалыптастыруы үшін уәкілетті мемлекеттік органның цифрлық жүйесіне келіп түседі.";

үшінші бөлігінің бірінші және екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті мемлекеттік органның цифрлық жүйесі:

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көзделген қажетті мәліметтерді алу туралы сұрау салуды;"

бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі уәкілетті мемлекеттік органның цифрлық жүйесі қалыптастырған электрондық өтінімді тіркеген кезде проактивті қызметті алушыға Мемлекеттік корпорация бөлімшесі маманының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылған электрондық өтінімді тіркеу туралы хабарлама жіберіледі.";

17-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтініш берушінің жеке сәйкестендіру нөмірі мен ЭЦҚ-сы болған кезде, құжаттары бұдан бұрын Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне немесе жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға қағаз жеткізгіште ұсынылған және мемлекеттік көрсетілетін қызметті тағайындау туралы ақпаратты алу сәтіне ол туралы деректер Мемлекеттік корпорацияның автоматтандырылған цифрлық жүйесінің дерекқорында электрондық түрде сақталған өтініш берушінің жәрдемақы тағайындау туралы ақпаратты портал арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның төлемді тоқтату туралы шешімінің негізінде Кодекстің 195-бабы 3-тармағында көрсетілген, оның ішінде "Жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқоры" цифрлық жүйесінен алынған мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жәрдемақы төлеуді тоқтатады.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі төлемге бюджет қаражатының қажеттілігіне сәйкес Мемлекеттік корпорацияға Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 328 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің қазынашылық атқарылуы және оларға кассалық қызмет көрсету рәсімдері, қазынашылық есепке алу және мониторинг рәсімдеріне сәйкес төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарында есепті кезеңге көзделген сома шегінде бюджет қаражатын аударуды жүзеге асырады.";

33 және 34-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Төлем тоқтатылғанда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі істі (бар болса) жабуды жүргізеді және оны Мемлекеттік корпорацияның архивіне өткізеді.

ЭІМ-дер тұрақты түрде уәкілетті мемлекеттік органның цифрлық жүйесінде сақталады.

34. Жәрдемақы төлемдері жүргізіліп жатқан істер (қолданыстағы істер) (бар болса) қолданыстағы істер архивінде сақталады.

ЭІМ-дер тұрақты түрде уәкілетті мемлекеттік органның цифрлық жүйесінде сақталады.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Архив істері (бар болса) сақтау мерзімі өткенге дейін сақталады және сақтау мерзімі өткеннен кейін акт бойынша жойылады, ал қолданыстағы істердің электрондық нұсқалары уәкілетті мемлекеттік органның цифрлық жүйесінде тұрақты сақталады.";

47-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспегенде, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінуге құқылы.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы Тізбеге 32-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы Тізбеге 33-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы Тізбеге 34-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы Тізбеге 35-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 5-қосымша осы Тізбеге 36-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 10-қосымша осы Тізбеге 37-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 19-қосымшалар осы Тізбеге 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45 және 46-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 20-қосымша осы Тізбеге 47-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27 және 28-қосымшалар осы Тізбеге 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54 және 55-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға берілетін мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 215 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32851 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 171-бабы 4-тармағының төртінші абзацына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін

қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға берілетін мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу қағидаларында:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақыны, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға берілетін мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау және төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 171-бабы 4-тармағының төртінші абзацына (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу тәртібін айқындайды.";

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қағидаларға мемлекеттік қызмет көрсету бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығын, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясын, "цифрлық үкіметтің" операторын және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелерін енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы хабардар етеді.";

2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) цифрлық жүйе – цифрлық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған цифрлық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;"

16) және 17) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"16) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік

органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;

17) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы);";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы тағайындау үшін өтініш беруші Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес "Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтінішпен жүгінеді.

Өтініш берушінің электрондық өтінішінде көрсетілген өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат, баланың (балалардың) туу туралы куәлігі (куәліктері) немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтаманың мәліметтері, баланың мүгедектігі туралы анықтама, неке қию (ерлі-зайыптылық), некені бұзу туралы куәлік, балаға қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленгенін растайтын құжат немесе туу туралы актілік жазбадан бала асырап алу туралы мәліметтер, тұрғылықты жері бойынша тіркелуі туралы мәліметтер, банк шотының нөмірі туралы мәліметтер осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне сұрау салуларға сәйкес "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден (бұдан әрі – цифрлық жүйелер) алынады.

Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны тағайындау үшін баланың (балалардың) туу туралы куәлігі не туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тіркелген неке (ерлі-зайыптылық) қию туралы мәліметтерді қоспағанда, неке (ерлі-зайыптылық) қию, бұзу туралы куәлік, баланың мүгедектігі туралы анықтама, балаға қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленгенін растайтын құжат немесе туу туралы актілік жазбадан бала асырап алу туралы мәліметтер, банк шотының нөмірі туралы мәліметтер осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне сұрау салуға сәйкес көрсетілген құжаттарда расталған кезде талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес "Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы тағайындау үшін өтініш беруші Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес "Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 6 және 7-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша өтінішпен жүгінеді.

Өтініш берушінің және бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның күтімін жасайтын адам болып айқындалған адамның жеке басын куәландыратын және тұрғылықты жері бойынша тіркелуі бойынша мәліметтер (күтім жасайтын адам ретінде айқындалған адамның және бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның бір қала және (немесе) аудан шегінде тұру, қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде болу фактісін растау үшін), сонымен қатар банк шотының нөмірі туралы мәліметтер осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне сұрау салуларға сәйкес тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алынады.

Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны тағайындау үшін бірінші топ мүгедектігі бар адамға қорғаншылық тағайындалғанын растайтын құжатты, сондай-ақ бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның мүгедектігі туралы анықтамаларды, психикалық денсаулық орталығында есепте тұру фактісінің жоқтығы туралы мәліметтерді, күтім жасайтын адам ретінде айқындалған адамның қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде болғандығы туралы мәліметтерді ұсыну және бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның көрсетілген құжаттардағы ақпаратты растау кезінде банкт шоттың нөмірі туралы мәліметтер талап етілмейді, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымның цифрлық жүйелеріне сұрау салуларға сәйкес.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес "Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.";

10-тармақта:

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Өтініш беруші жәрдемақы тағайындау үшін тиісті құжаттар ұсынғаннан кейін оның қатысуымен Мемлекеттік корпорацияның қалалық, аудандық бөлімшесінің маманы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация бөлімшесі), егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде дербес деректерді жинауға және өңдеуге, цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады және:

мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес сұрау салуды;

уәкілетті мемлекеттік органның цифрлық жүйесіне өтініш берушіде жәрдемақы тағайындау, төлеу немесе өтініш беру фактісінің болуына сұрау салуды қалыптастырады.";

бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті мемлекеттік органның цифрлық жүйесінен жәрдемақыларды тағайындау, төлеу немесе тағайындауға өтініш беру фактісін растайтын ақпарат алған кезде өтініш берушіге осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі тиісті жәрдемақыны тағайындау үшін өтініш берушіден қабылданатын құжаттар топтамасының, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелерінен алынған мәліметтердің толықтығын тексереді, сканерлеу сапасын және өтініш беруші ұсынған құжаттардың электрондық көшірмелерінің түпнұсқаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді.";

14-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін, күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыларды тағайындау үшін өтініш беруші портал арқылы жүгінген кезде ұсынылған мәліметтерді растау және осы Қағидаларға 3 және 7-қосымшаларға сәйкес өтініш нысанында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне сұрау салуды өтініш берушінің өзі жүзеге асырады.

Растайтын мәліметтерді алған кезде портал арқылы сұрау салуды жүзеге асырған өтініш беруші мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін, күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыларды тағайындау туралы электрондық өтінішті өзінің ЭЦҚ-сы арқылы куәландырады және оны уәкілетті мемлекеттік органның автоматтандырылған цифрлық жүйесіне жібереді.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде тиісті жәрдемақыны тағайындау туралы өтінішті осы

Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініштерді тіркеудің электрондық журналында тіркейді.

Портал немесе МӘС бөлімшесі арқылы келіп түскен электрондық өтінімдер осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлемдерді тағайындау үшін портал немесе медициналық әлеуметтік сараптама бөлімшесі арқылы келіп түскен азаматтардың өтініштерін тіркеудің электрондық журналында тіркеледі.

Қажетті құжаттары, оның ішінде электрондық құжаттары бар өтінішті уәкілетті орган оны Мемлекеттік корпорацияда тіркеген күннен бастап, ал цифрлық жүйелер өтініш беруші туралы бұрын болмаған мәліметтердің болуын белгіленген тәртіппен растаған жағдайда – мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелері өтініш беруші туралы мәліметтерді растаған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде қарайды.";

26-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсетуді мониторингтеу цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы деректер енгізуді қамтамасыз етеді.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Әлеуметтік кодексте көзделген негіздер бойынша жәрдемақыларды тағайындау құқығы туындаған кезде көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірін порталда тіркеу кезінде жәрдемақыларды тағайындау және тілді таңдау мүмкіндігі туралы хабардың "Е-макет" автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "Е-макет" АЦЖ) арқылы бастамашылық жасалады.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Проактивті қызмет арқылы жәрдемақыларды тағайындау кезінде осы Қағидалардың 4 және 8-қосымшаларында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне сұрау салу "Е-макет" АЦЖ арқылы жүзеге асырылады.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі тиісті жәрдемақылар төлемін осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның төлемді тоқтата тұру туралы шешімінің негізінде өтініш берушіден және (немесе) цифрлық жүйелерден:

1) жәрдемақылар беру жөніндегі уәкілетті ұйым ұсынатын алушының банк шоты бойынша үш және одан көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы;

2) алушылар қатарынан іздеуде жүрген адамдардың хабар-ошарсыз кету, іздеуде жүру фактісінің, оның ішінде цифрлық жүйелерден анықталғаны туралы;

3) мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны алушының, мүгедектігі бар баланың Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кету фактісінің, оның ішінде цифрлық жүйелерден анықталғаны туралы;

4) шетелдіктің немесе қандастың жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімінің өтуі, оның ішінде цифрлық жүйелерден анықталғаны туралы;

5) жәрдемақы алушының сот тағайындаған бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны өтеуі туралы;

6) арнаулы әлеуметтік қызметтердің аса кепілдендірілген көлемі көрсетілетін адамдарды қоспағанда, мүгедектігі бар баланың (мүгедектігі бар балалардың), бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында тұруы туралы, оның ішінде цифрлық жүйелерден анықталғаны туралы ;

7) мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған жәрдемақы алушының қайтыс болу фактісінің, оның ішінде цифрлық жүйелерден анықталғаны туралы;

8) "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген жағдайларда қорғаншыларды (қамқоршыларды) өз міндеттерін атқарудан босату немесе шеттету туралы;

9) медициналық-әлеуметтік сараптамаға дәйексіз құжаттарды ұсыну және (немесе) сараптамалық қорытындыны негізсіз шығару фактісін анықтау туралы хаттаманы рәсімдеу;

10) күтім жасайтын адамның немесе бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен басқа мекемеге кетуі туралы;

11) күтім жасайтын адамның немесе бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің басқа бөлімшесіне ауыстыру туралы.";

39-тармақтың бірінші бөлігінің 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату фактісі анықталған жағдайларда, оның ішінде цифрлық жүйелерден анықталғаны туралы;"

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Жәрдемақы тағайындалған электрондық іс макеттері уәкілетті органның цифрлық жүйесінде сақталады.";

51-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсеткен кезде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не цифрландыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы Тізбеге 56 және 57-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы Тізбеге 58-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы Тізбеге 59-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 5-қосымша осы Тізбеге 60-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 6-қосымша осы Тізбеге 61-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 7-қосымша осы Тізбеге 62-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 8-қосымша осы Тізбеге 63-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 9-қосымша осы Тізбеге 64-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 10-қосымша осы Тізбеге 65-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 11-қосымша осы Тізбеге 66-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 12-қосымша осы Тізбеге 67-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 13-қосымша осы Тізбеге 68-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23 және 24-қосымшалар осы Тізбеге 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78 және 79-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 25-қосымша осы Тізбеге 80-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 227 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32885 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 12-бабы 5) тармақшасының он жетінші абзацына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 12-бабы 5) тармақшасының он жетінші абзацына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың 26) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын :

"26) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект.";

5-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мынадай ақпарат беріледі:

шартсыз және шартты ақшалай көмек алу шарттары туралы;

жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына және (немесе) әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларына қатысу шарттары туралы;

әлеуметтік келісімшарт жасасу қажеттілігі, әлеуметтік келісімшартқа қатысушы тараптардың міндеттемелері және әлеуметтік келісімшартты бұзу шарттары туралы;

Кодекстің 128-бабының 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін өзгерту және (немесе) тоқтата тұру шарттары туралы, алты айға атаулы әлеуметтік көмек тағайындау құқығынан айыру туралы;

мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тиісті цифрлық жүйелерінен сұратылатын мәліметтер тізбесі;

мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тиісті цифрлық жүйелеріндегі жоқ мәліметтерді растайтын құжаттар беру мүмкіндігі туралы;"

6-тармақтың тоғызыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Төтенше жағдайлар кезінде атаулы әлеуметтік көмекті қазіргі алушыға уәкілетті мемлекеттік органның автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы тағайындалған атаулы әлеуметтік көмек тоқсанның соңғы күніне автоматты түрде келесі тоқсанға өтінішсіз ұзартылады.";

7-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Өтініш қабылдау кезінде мансап орталығы немесе әкім өтініш берушінің қатысуымен "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік органдардың және ұйымдардың цифрлық жүйелеріне (бұдан әрі – цифрлық жүйе) мынадай мәліметтерді алу үшін дербес сұрау салуды қалыптастырады:"

8-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Атаулы әлеуметтік көмекті проактивті форматта тағайындау үшін әлеуетті алушыларды айқындау адамның (отбасының) мемлекеттік органдардың цифрлық

жүйелерінен алынған мәліметтер бойынша анықталған атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін талаптарға сәйкес келген кезде жүзеге асырылады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Цифрлық жүйелерде мәліметтер болмаған кезде өтініш беруші осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мемлекеттік органның немесе ұйымның тиісті цифрлық жүйелерінде жоқ мәліметтерді растайтын құжаттарды береді, ал өтініш берушінің ондай мүмкіндігі болмаған кезде тұрғылықты жері бойынша мансап орталығы, ауылдық жерде – әкім тиісті мемлекеттік органға және (немесе) ұйымға жазбаша сұрау салуды ресімдейді.

Портал арқылы электрондық өтініш келіп түскен кезде мансап орталығы осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мәліметтерді алу үшін тиісті цифрлық жүйелерге сұрау салуларды қалыптастырады, тиісті мемлекеттік органдарға және (немесе) ұйымдарға жазбаша сұрау салуларды ресімдейді.

Мемлекеттік органдарға немесе ұйымдарға сұрау салуды ресімдеген кезде тиісті мемлекеттік органдарға және (немесе) ұйымдарға сұрау салу жүзеге асырылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіні жазбаша хабардар ету арқылы құжаттар топтамасын немесе ҚЭТ қалыптастыру мерзімі сұрау салуға жауап алғанға дейін, бірақ күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге дейін ұзартылады.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тиісті цифрлық жүйелерінде жоқ мәліметтерді растайтын өтінішті және құжаттарды үшінші тұлғалардың атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін беруі атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар адамның нотариат куәландырған сенімхаты бойынша жүзеге асырылады.

Өтініш беруші құжаттарды салыстырып тексеру үшін көшірмелерде және түпнұсқаларда ұсынады.";

11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Өтініш берушінің өтінішін қараған кезде әкім немесе мансап орталығы:

1) атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін цифрлық жүйелерден алынған, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдардан және (немесе) ұйымдардан жазбаша түрде алынған мәліметтердің, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және ұйымдардың тиісті цифрлық жүйелерінде мәліметтердің болмауына байланысты өтініш беруші ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді;

2) тиісті мемлекеттік органдардан жазбаша түрде ұсынылған құжаттарды, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тиісті цифрлық жүйелерінде мәліметтердің болмауына байланысты өтініш беруші ұсынған құжаттарды сканерлейді. Құжаттардың электрондық көшірмелері әкімнің немесе мансап орталығы маманының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылады.

Құжаттарды сканерлеу мүмкіндігі болмаған жағдайда алынған құжаттарды көшіруді жүзеге асырады. Құжаттардың қағаз көшірмелері әкімнің немесе мансап орталығы маманының қолымен куәландырылады, одан кейін өтініш берушіден алынған құжаттардың түпнұсқалары үзбелі талонмен бірге оған қайтарылады;

3) сканерлеу (көшіру) сапасын және құжаттардың электрондық және (немесе) қағаз көшірмелерінің осы Қағидалардың 6 және 9-тармақтарына сәйкес алынған түпнұсқаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректердің мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

12. Әкім немесе мансап орталығы атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кідіріссіз табыс етеді:

мемлекеттік органдардың және ұйымдардың тиісті цифрлық жүйелерінде мәліметтердің болмауына байланысты өтініш берушінің тапсырған құжаттарының қолдану мерзімі өтіп кеткенін және (немесе) дұрыс емес екенін белгілеген;

цифрлық жүйелерде атаулы әлеуметтік көмек тағайындау, төлеу немесе өтініш беру фактілерін растайтын мәліметтер болған жағдайларда бас тарту туралы дереу қолхат береді.";

13-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтінішті тіркеу журналында өтінішті тіркейді және өтініш берушіге өтінішке үзбелі талон береді. Цифрлық жүйелерге қолжетімділік болған кезде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтінішті тіркеудің электрондық журналында тіркейді;"

14-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Учаскелік комиссия әкімнен немесе мансап орталығынан атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтінішті, құжаттардың электрондық көшірмелерін, мемлекеттік органдар мен (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелерінде болмауына байланысты өтініш беруші ұсынған құжаттардың көшірмелерін алғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде өтініш берушінің материалдық жағдайына тексеру жүргізеді, оның нәтижесі бойынша қорытынды дайындап, оны әкімге немесе мансап орталығына береді.";

15-тармақта:

бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Мансап орталығы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелерінен алынған мәліметтердің, тиісті мемлекеттік органдардан және (немесе) ұйымдардан алынған жазбаша түрдегі құжаттардың, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тиісті цифрлық жүйелерінде мәліметтердің болмауына байланысты өтініш

беруші ұсынған құжаттардың немесе әкімнен алынған құжаттар топтамасының және учаскелік комиссия қорытындысының негізінде оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде:";

бесінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Шартты ақшалай көмекті айқындаған жағдайда мансап орталығы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелерінен алынған мәліметтер (құжаттар), тиісті мемлекеттік органдардан және (немесе) ұйымдардан алынған жазбаша түрдегі құжаттар, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тиісті цифрлық жүйелерінде мәліметтердің немесе әкімнен құжаттар топтамасының және учаскелік комиссияның қорытындысының болмауына байланысты өтініш беруші ұсынған құжаттар негізінде оларды алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде:";

16-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тиісті органдардан және (немесе) ұйымдардан немесе өтініш берушіден қағаз түрінде алынған және (немесе) цифрлық жүйелерден алынған мәліметтердің толықтығын және дәйектілігін тексереді. Қажеттігіне қарай тиісті мемлекеттік органдарға, уәкілетті ұйымдарға және орталық мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелеріне өтініш беруші ұсынған мәліметтерді нақтылау үшін сұрау салуларды жүзеге асырады. Бұл ретте атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (төлем мөлшерін өзгерту, тағайындаудан бас тарту және төлемді тоқтату) туралы шешім қабылдау мерзімі ол туралы өтініш берушіні тиісті органдарға және (немесе) ұйымдарға сұрау салу жүзеге асырылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар ете отырып атаулы әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі уәкілетті орган басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның шешімі бойынша күнтізбелік отыз күнге дейін ұзартылады;";

21-тармақта:

бірінші бөлігі алып тасталсын;

екінші, үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпарат көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" және порталдың мобильдік қосымшасында және екінші деңгейдегі банктердің мобильдік қосымшаларында қолжетімді.

Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпарат, ол туралы мәліметтер сұратылып отырған адамның келісімі болған жағдайда, портал және екінші деңгейдегі банктердің мобильдік қосымшалары арқылы жіберілетін жеке тұлғалардың сұрау салуы бойынша ұсынылады.

Мәлімет сұралатын адам сұрау салуды алған сәттен бастап 2 (екі) сағат ішінде порталдағы "жеке кабинет" арқылы не мобильді азаматтар базасында тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөміріне sms-хабарлама жіберу арқылы немесе екінші деңгейдегі банктердің мобильдік қосымшасы арқылы оның (оның отбасының) жеке

тұлғаларға атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпаратты ұсынуға өзінің келісімін не келіспеушілігін бір реттік парольді пайдалана отырып портал хабарламасына жауап ретінде білдіреді.";

29-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Хабарлама тіркелген еңбекке қабілетті адамдарға немесе еңбекке қабілетті отбасы мүшелеріне тікелей цифрлық технологиялар және (немесе) ұялы байланыс желісінің абоненттік құрылғысы арқылы беріледі.";

34-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау мониторингі мыналардың:

цифрлық жүйелерден әлеуметтік төлемдердің түскені туралы және "Еңбек нарығы" автоматтандырылған цифрлық жүйесінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын көрсету барысында түскен деректер негізінде жүргізіледі.";

38-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер алушы заңсыз алынған атаулы әлеуметтік көмектің сомасын немесе оның бір бөлігін тиісті бюджетке қайтарса, онда өтініш берушінің жалпы қарызы қайтарым сомасына азаяды және атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған және төленген цифрлық жүйеде тіркелуі керек. Ол үшін өтініш беруші мансап орталығына, ал ауылдық жерлерде – ауылдық округтің әкіміне – цифрлық жүйеге сканерден өткізіліп, енгізілген, атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін маманның ЭЦҚ қол қойылады, ол растау құжатын қабылдап, сканерленген көшірмесін цифрлық жүйеге жүктейді, сондай-ақ мансап орталығы басшысының немесе әкімнің ЭЦҚ-сы, содан кейін бұл жазба түзету құқығынсыз цифрлық жүйеде сақталады.";

42-тармақтың тоғызыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде орталық атқарушы орган "цифрлық үкімет" операторына, Бірыңғай байланыс орталығына, көрсетілетін қызметті берушіге тиісті нормативтік құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы Тізбеге 81-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы Тізбеге 82-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы Тізбеге 83-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 4, 5, 6, 7 және 8-қосымшалар осы Тізбеге 84, 85, 86, 87 және 88-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 10-қосымша осы Тізбеге 89-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 11-қосымша алып тасталсын;

көрсетілген Қағидаларға 12-қосымша осы Тізбеге 90-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 13-қосымша осы Тізбеге 91-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Тізбеге 1-қосымша
Бала туғанда берілетін
мемлекеттік жәрдемақыны,
бала күтіміне байланысты
жәрдемақыны, көпбалалы
отбасыларға берілетін
жәрдемақыны, наградталған
анаға берілетін жәрдемақыны
тағайындау және төлеуді
жүзеге асыру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Бала тууға байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақыны және (немесе) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны тағайындауға арналған өтініш

Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау

комитетінің _____ облысы (қаласы) бойынша департаменті

Бөлімше коды: _____

Өтініш беруші туралы мәлімет (белгі қою): ата-ана _____ қорғаншы
(қамқоршы) _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда): _____

Туған күні: _____ жылғы "___" "___"

Жеке басты куәландыратын құжаттың түрі: _____

Құжаттың сериясы: _____ құжаттың нөмірі: _____ кім берген: _____

Берілген күні: _____ жылғы "___" "___"

Тұрғылықты жерінің мекенжайы: _____ облысы
_____ қаласы (ауданы) _____ ауылы

_____ көшесі (шағын аудан) _____ - үй _____ - пәтер

Бала тууға байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақыны және (немесе)

бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы
мемлекеттік жәрдемақы тағайындалатын бала туралы мәліметтер

Баланың жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

Баланың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда): _____

Баланың туған күні: _____ жылғы " ____ " _____

Баланың туу кезектілігі: _____

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

№ р/с	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Отбасы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Туған күні және жылы
1				
2				

Банктің реквизиттері:

Банктің атауы _____

Банк шотының № _____

Шоттың түпі: ағымдағы _____

Маған бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақыны және (немесе) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы жәрдемақыны республикалық бюджет қаражаты есебінен (қажеттінің астын сызу) тағайындауды сұраймын.

Бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақыны және (немесе) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы жәрдемақыны тағайындауға қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау жөнінде ұялы телефонға sms-хабар жіберу арқылы хабардар етуге келісім беремін.

Төленетін жәрдемақы мөлшерінің өзгеруіне әкелетін барлық өзгерістер, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкеталық деректердің, банктік деректемелердің өзгеруі туралы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне он жұмыс күні ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді аударуға арналған жеке банк шотын немесе электрондық ақшаның электрондық әмиянын ашу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай шоттағы ақшаны, оның ішінде электрондық ақшаның электрондық әмияндарындағы электрондық ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алуға жүгінуіне жол берілмейтіні туралы хабардар етілдім.

Осымен Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығын растаймын.

Өтінішке қоса берілген құжаттар тізбесі:

Р/с №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтардың саны	Ескертпе
1			
2			

Өтініш берушінің байланыс деректері:

телефоны _____ ұялы _____

электрондық пошта мекенжайы _____

20__ жылғы "____" _____

Өтініш берушінің қолы _____

Өтініш 20__ жылғы "____" _____ қабылданды, № _____

Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда),
лауазымы және

қолы: _____

Тізбеге 2-қосымша
Бала туғанда берілетін
мемлекеттік жәрдемақыны,
бала күтіміне байланысты
жәрдемақыны, көпбалалы
отбасыларға берілетін
жәрдемақыны, наградталған
анаға берілетін жәрдемақыны
тағайындау және төлеуді жүзеге
асыру қағидаларына
2-қосымша
Нысан

"Цифрлық үкіметтің" веб-порталы және (немесе) екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілері арқылы бала тууға байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақыны және (немесе) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны тағайындауға арналған өтініш

Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау

комитетінің _____ облысы (қаласы) бойынша
департаменті

Бөлімше коды: _____

Өтініш беруші туралы мәлімет (белгі қою):

ата-ана _____

қорғаншы (қамқоршы) _____

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда):

Туған күні: _____ жылғы "____" _____

ЖСН: _____

Маған бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақыны және (немесе) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы жәрдемақыны республикалық бюджет қаражаты есебінен (қажеттінің астын сызу) тағайындауды сұраймын.

Бала тууға байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақыны және (немесе) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалатын бала туралы мәліметтер:

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және туған күні)

Баланың ЖСН:

Баланың туу кезектілігі:

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

№ р/с	ЖСН	Отбасы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Туған күні және жылы
1				
2				
3				

Мемлекеттік органдардың растауы:

"Жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқоры" цифрлық жүйесінен алынған деректер

Өтініш беруші туралы мәліметтер:

Жеке басты куәландыратын құжаттың түрі: _____

Құжаттың сериясы: _____ құжаттың нөмірі: _____ кім берген: _____

Берілген күні: _____ жылғы " _____ " _____

Тұрақты тұрғылықты жерінің мекенжайы:

_____ облысы _____
қаласы (ауданы) _____ ауылы _____ көшесі
(шағынаудан) _____ үй _____ пәтер

Отбасы мүшелерінің деректері

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына), сондай-ақ жалпы ауруға

шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына) арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегерлеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

1988-1989 жылдары Чернобыль АЭС-ындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылардың қоныс аудару күні құрсақта болған балаларын қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныстанғандардың (өз еркімен кеткендердің) қатарындағы

		адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау; саяси қуғын-сүргін құрбандары, мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау; Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау; " Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы " кұрметті атағына ие болған адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау; басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау.
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: жәрдемақыны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде. Порталда жәрдемақыны тағайындау туралы ақпарат өтініш берушінің "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі. Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушының мобильді телефонына sms-хабар жіберу арқылы көрсетілетін қызметті алушыны қабылданған шешім туралы хабардар етеді. Проактивті қызмет арқылы қызмет көрсетілгенде қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының мобильді телефонына sms-хабар жіберу арқылы ұсынылады.
	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті	

8	алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілерінің жұмыс графигі	Жұмыс кестесі: 1) Мемлекеттік корпорацияда – өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мерекелік күндерден басқа, дүйсенбіден бастап жұманы коса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы коса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады. Қабылдау "электрондық кезек" тәртібінде, өтініш берушінің жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады; 2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді коспағанда, тәулік бойы; 3) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, түскі үзілісті ескере отырып, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін өтінішті қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

		министрлігінің www.enbek.gov.kz интернет-ресурсында, " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде; 2) Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.
		Мемлекеттік корпорацияға немесе көрсетілетін қызметті берушіге: 1. Өтініш беруші (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) мемлекеттік қызметті көрсету үшін Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшасының нысанына сәйкес, көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде – осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті, сондай-ақ мынадай құжаттарды ұсынады: 1) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке куәлік, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің тұруға ықтиярхаты, не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін); 2) Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін – шекаралас аумақтағы елді мекендегі тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгендігі туралы мәліметтер; 3) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-бағанының 2-тармағында көрсетілген жәрдемақы алуға құқығын растайтын құжаттар. Көрсетілген құжаттарда қамтылған ақпаратты мемлекеттік цифрлық жүйелер растағанда, өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжатты, тұрғылықты тұратын жерін растайтын құжатты, Қазақстан Республикасының аумағында 2007 жылғы 13 тамыздан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша

баланың (балалардың) тууы туралы куәлігін (куәліктері) не туу туралы акті жазбасынан үзінді көшірмені, неке қию туралы куәлікті (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 маусымнан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша), медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесінің мүгедектік туралы анықтамаларын көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті берушілер бірреттік құпиясөз беру жолымен немесе порталдың хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімімен, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжаттарды алады.

2. Жәрдемақы алу құқығын растайтын құжаттар:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін – Ұлы Отан соғысы ардагерінің куәлігі;

2) Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегерлері үшін – награданың куәлігі;

3) "Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы" құрметті атағына ие болған адамдар үшін – "Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы" құрметті атағы берілгенін растайтын құжат;

4) "Халық қаһарманы" атағына ие болған адамдар үшін – "Халық қаһарманы" атағы берілгенін растайтын құжат;

5) "Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдар үшін – "Қазақстанның Еңбек Ері" атағы берілгенін растайтын құжат;

6) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдар үшін:

Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес Ұрыс қимылдары жүрген қалалар мен жүргізілген кезеңдер тізбесінің және Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес Ұрыс қимылдары болған мемлекеттер, аумақтар және жүргізілген кезеңдер тізбесінің негізінде: майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда Ұлы Отан соғысы кезеңінде қызмет өткерген әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымдар атқарған не сол кезеңдерде майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда болған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдамалы құрамының адамдары үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста

болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік; Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк балалары (тәрбиеленушілері) және юнгалар ретінде болған адамдар үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік; Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шет елдердің аумағында партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да фашизмге қарсы құралымдар құрамында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына қатысқан адамдар үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік; бұрынғы КСР Одағы Қатынас жолдары халық комиссариатының, Байланыс халық комиссариатының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтерілу құрамының, Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы бас басқармасының ұшу-көтерілу құрамының арнаулы құралымдарының Ұлы Отан соғысы кезеңінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шекаралары, флоттардың жедел аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделері үшін міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында еріксіз ұсталған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері үшін –

1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік;

Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар үшін – "Ленинградты қорғағаны үшін" медаліне немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісіне қоса берілетін куәлік немесе 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік;

Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұстау орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындар үшін – жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқын куәлігі немесе екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлерде, гетто және басқа еріксіз ұстау орындарында мәжбүрлеп ұсталғандығы туралы архивтік анықтама немесе 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік;

1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы (бұдан әрі – Чернобыль АЭС) апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдар үшін – Чернобыль АЭС-ындағы апаттың

зардаптарын жоюға қатысушы куәлігі немесе Чернобыль АЭС-ындағы апаттың немесе азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқанын, ядролық сынақтарға тікелей қатысқанын растайтын құжат немесе жергілікті әскери басқару органынан азаматтық немесе әскери тағайындау объектілеріндегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан фактісін растайтын, ядролық сынақтарға тікелей қатысқанын растайтын анықтама;

7) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдар үшін:

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өткеру кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілер үшін – әскери қызметшілер қатарындағы мүгедектігі бар адам екендігі туралы куәлігі (Кеңес Армиясы мүгедегінің жеңілдіктерге құқығы туралы), жараланғаны, контузия алуы, мертігуі, мүгедектігі туралы анықтама, жергілікті әскери басқару органынан соғыс қимылдарына қатысқан фактісін растайтын анықтама немесе 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік;

қызметтік міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан не майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде қызметтік міндеттерін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген, бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік, жаралануы, контузия алуы, мертігуі, мүгедектігі туралы анықтама, ішкі істер органдарының, Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің тиісті анықтамасы;

басқа елдердегі майдандағы әскери контингенттерге қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдары жүргізілген кезеңде жаралануы, контузия алуы, мертігуі не ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген тиісті санаттардағы жұмысшылар мен қызметшілер үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік, жаралануы, контузия алуы, мертігуі, мүгедектігі туралы анықтама, тиісті санатын және басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсету салдарынан мүгедектігі бар адам болуын растайтын құжат ;

1944 жылғы 1 қаңтар – 1951 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Украина КСР, Беларусь КСР, Литва КСР, Латвия КСР, Эстония КСР аумағында болған халықты қорғаушы жойғыш батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен

командалық құрамы қатарындағы, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызметтік міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе мертігуі салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік, жаралануы, контузия алуы, мертігуі, мүгедектігі туралы анықтама, жергілікті әскери басқару органынан соғыс қимылдарына қатысқан фактісін растайтын анықтама;

Чернобыль АЭС-ындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балалары үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік, Чернобыль АЭС-ындағы апаттың немесе азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарынан мүгедектігі жөніндегі халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы аумақтық органының анықтамасы немесе Радиациялық әсерге байланысты аурудың себептік байланысын анықтау жөніндегі Өңірлік сараптама кеңесінің қорытындысы;

8) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері үшін: Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес Басқа мемлекеттер аумағында жүргізілген ұрыс қимылдары

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

кезеңдері тізбесінің және Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес Ұрыс қимылдары болған мемлекеттер, аумақтар және жүргізілген кезеңдер тізбесінің негізінде:

басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар, атап айтқанда:

бұрынғы КСР Одағының үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда);

оқу жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілер; Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері;

бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілері;

Ауғанстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жарақат, контузия алған немесе мертіккен не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік; жергілікті әскери басқару органынан басқа мемлекет аумағында соғыс қимылдарына

қатысқандығын растайтын анықтама немесе басқа мемлекеттердің аумағында ұрыс қимылдарына қатысқандығы туралы белгі соғылған әскери билет, Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткендігін растайтын құжат және жараланған, контузия алған немесе мертліккендігін растайтын медициналық құжаттар, ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендеріне және медальдарына қоса берілетін куәлік;

1992 жылғы қыркүйек – 2001 жылғы ақпан аралығындағы кезеңде Тәжікстан-Ауғанстан учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын күзетуді күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерді орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері үшін – Тәжікстан-Ауғанстан учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын күзетуге қатысқандығын растайтын жергілікті әскери басқару органынан анықтама;

2003 жылғы тамыз – 2008 жылғы қазан аралығындағы кезеңде Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері үшін – Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқандығын растайтын жергілікті әскери басқару органынан анықтама;

1986 – 1991 жылдар аралығындағы кезеңде Таулы Қарабақтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және

қатардағы құрамының адамдары үшін – Таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқандығын растайтын жергілікті әскери басқару органынан анықтама;

9) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлері үшін – әскери қызметшінің қайтыс болғандығы туралы куәлік немесе хабарлама, немесе жергілікті әскери басқару органынан хабар-ошарсыз кету фактісі туралы анықтама, әскери қызметшіге туыстық жақындығын растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі);

10) Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы) үшін – неке туралы куәлік, жұбайының (зайыбының) қайтыс болғандығы туралы куәлік, жұбайының (зайыбының) мүгедектігін растайтын құжат;

11) Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да

мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары үшін – қаза тапқан (қайтыс болған) адамның өлімі туралы хабарлама немесе куәлік, әскери қызметшінің қаза тапқан немесе хабар-ошарсыз кеткен фактісі туралы жергілікті әскери басқару органынан анықтама, қаза тапқан адаммен туыстық жақындығын растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі); резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда, бейбіт уақытта әскери қызметін, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасылары үшін – қаза тапқан (қайтыс болған) адамның өлімі туралы хабарлама немесе куәлік, резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда, әскери қызметшінің бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан фактісі туралы жергілікті әскери басқару органынан анықтама, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкердің бейбіт уақытта арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметін өткеру кезінде қаза тапқан фактісі туралы арнаулы мемлекеттік органдарынан анықтама, қаза тапқан адаммен туыстық жақындығын растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі); қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасылары үшін – қаза тапқан (қайтыс болған) адамның өлімі туралы хабарлама немесе куәлік, қызмет міндеттерін атқару кезінде

қаза табу фактісін растайтын ішкі істер органдарынан анықтама немесе құжат, қаза тапқан адаммен туыстық байланысын растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәліктері);

Чернобыль АЭС-ындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары үшін – қаза тапқан адамның өлімі туралы куәлік, Чернобыль АЭС-ындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қайтыс болғанын растайтын құжат, қаза тапқан адаммен туыстық жақындығын растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі);

сәуле ауруының салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектігі бар адамдардың, сондай-ақ қайтыс болуы белгіленген тәртіппен Чернобыль АЭС-ындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне байланысты болған азаматтардың отбасылары үшін – сәуле ауруының салдарынан қайтыс болған адамның немесе қайтыс болған мүгедектігі бар адамның, сондай-ақ өлімі Чернобыль АЭС-ындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың әсер етуіне белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтың өлімі туралы куәлік, өлімнің радиациялық әсер ету салдарынан болғанын растайтын құжат, қаза тапқан адаммен туыстық жақындығын

растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі);

12) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік немесе наградтау куәлігі, немесе архивтік анықтама, немесе наградталу фактісі туралы жазбасы бар еңбек кітапшасы;

13) 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар үшін – еңбек кітапшасы немесе 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда, жұмысы туралы мәліметтерді қамтитын өзге де құжаттар, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда, әскери қызмет кезеңі туралы мәліметтерді қамтитын әскери билет немесе анықтама. Сондай-ақ, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда, жұмысы туралы мәліметтерді қамтитын құжаттарға: жұмыс орны, сондай-ақ архив мекемелері берген жұмыс кезеңдері туралы мәліметтері бар құжаттар; бұйрықтардан, жеке шоттары мен жалақы төлеуге арналған ведомостардан үзінді көшірмелер; коммунистік партия немесе кәсіподақ мүшелерінің мүшелік билеттері немесе есеп карточкалары; қызметін бұрын

қолданыста болған заңнамаға сәйкес жүзеге асырып келген жұмыс өтілін белгілеу жөніндегі, зейнетақы тағайындау жөніндегі комиссиялардың шешімдері; сот шешімдері; арнайы комиссиялардың шешімдері; 1998 жылға дейін берілген жеңілдіктерді алуға құқығы туралы куәлік; фабрика-зауыт училищелерінде оқу фактісін растайтын анықтамалар жатады.

14) 1988 – 1989 жылдары Чернобыль АЭС-ындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдар үшін – Чернобыль АЭС-ындағы аварияны жоюға қатысушының куәлігі немесе Чернобыль АЭС-ындағы аварияны жоюға қатысу фактісін растайтын жергілікті әскери басқару органынан анықтама, балалардың туу туралы куәлігі;

15) жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақының мөлшеріне дейін қосымша төлем алушыларды қоспағанда, жасына байланысты зейнетақы төлемдері немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тағайындалған бірінші, екінші және үшінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын бірінші, екінші және үшінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар, оның ішінде мүгедектігі бар жеті жасқа дейінгі балалар үшін – мүгедектігі туралы анықтама, Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатынын растайтын құжат;

16) Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын жетіден он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтардағы мүгедектігі бар балалар үшін – мүгедектігі туралы анықтама, Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатынын растайтын құжат;

17) саяси қуғын-сүргін құрбандары, мүгедек болып қалған немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдар үшін – мүгедектігі туралы анықтама, зейнеткерлік куәлік, ақталған азаматтың куәлігі немесе прокуратура органдарынан немесе ішкі істер немесе ұлттық қауіпсіздік органдарынан ақталғаны туралы анықтамалары немесе ақталғаны туралы соттың шешімі;

18) Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар үшін – дербес зейнеткер куәлігі немесе Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы белгілеу жөніндегі комиссияның Қазақстан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындау туралы шешімінен үзінді көшірме.

Проактивті қызмет арқылы жәрдемақы тағайындау үшін: проактивті қызмет көрсетуге көрсетілетін қызметті алушының келісімі, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы банктік шот нөмірін растау немесе ұсыну туралы хабарлама жіберіледі.

3. Порталда ақпарат алу үшін: өтініш берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу.

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

- 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қағидалармен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
- 3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;
- 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;
- 5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша.

1. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:
 - 1) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің www.enbek.gov.kz интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде;
 - 2) Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында орналастырылған.
2. Өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өз бетінше жүріп-тұруды, бағдарлауды жүзеге асыру

Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар

қабілетін немесе мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара жоғалтқан өтініш берушілер 1414, 8 800 080 77 77 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгінгенде мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

Физикалық тұрғыдан мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін пандустың, шақыру түймесінің, загіптар мен нашар көретіндерге арналған тактильді жолдың, күту залының, үлгі құжаттары бар тіректің болуы қажет.

3. ЭЦҚ болған кезде өтініш берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады. Өтініш берушінің мемлекеттік қызметті көрсету статусы туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.

4. "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы жәрдемақы тағайындалған кезде "Халық қаһарманы" атағына ие болған адамдарға және "Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдарға жәрдемақы тағайындау туралы өтінішті беру талап етілмейді.

5. Цифрлық құжаттар сервисі мобильдік қосымшада және пайдаланушылардың цифрлық жүйелерінде авторизацияланған субъектілер үшін қолжетімді.

Субъект мобильдік қосымшада және пайдаланушылардың цифрлық жүйелерінде қолжетімді әдістермен авторландырудан өтеді

	, бұдан әрі "Цифрлық құжаттар" бөлімінде одан әрі пайдалану үшін қажетті құжатты қарайды.
--	---

Тізбеге 35-қосымша
Арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындау
және төлеу қағидаларына
4-қосымша

Мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелеріне сұрау салу

1. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш берушіден өтініш берушінің санатына байланысты жәрдемақы тағайындауға құжаттарды қабылдаған кезде өтініш берушінің жеке сәйкестендіру нөмірі бойынша "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелеріне мынадай:

- 1) жеке басын куәландыратын;
- 2) өтініш берушінің тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы;
- 3) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодекстің (бұдан әрі – Кодекс) 190-бабы 3-тармағының 13) тармақшасында көрсетілген жәрдемақыны тағайындау кезінде жасына байланысты зейнетақы төлемін немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемін тағайындау туралы;
- 4) Кодекстің 190-бабы 3-тармағының 13) тармақшасында көрсетілген жәрдемақыны тағайындау кезінде Кодекстің 177-бабының 8-тармағында көзделген жасына байланысты зейнетақы төлеміне мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы мөлшеріне дейінгі қосымша төлем алу туралы;
- 5) Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүгедектігі туралы анықтамалар;
- 6) жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымның банктік реквизиттері туралы;
- 7) уәкілетті мемлекеттік органның цифрлық жүйесінен Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің коды туралы.

Мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың цифрлық жүйелерінен және екінші деңгейдегі банктердің цифрлық жүйелерінен сұратылатын мәліметтерді растайтын электрондық құжаттар тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың, екінші деңгейдегі банктердің және "цифрлық үкімет" шлюзінің ЭЦҚ-мен, сондай-ақ сұрау салуды жүзеге асырған Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің ЭЦҚ - мен куәландырылады.

Тізбеге 36-қосымша
Арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындау
және төлеу қағидаларына
5-қосымша

Нысан

Ауданның коды _____
Қазақстан Республикасы

Мүгедектік туралы анықтама Справка об инвалидности

Серия № _____
Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____
Фамилия, имя, отчество (при его наличии) _____
Туған күні _____ жылғы " ____ " _____
Дата рождения _____
Мекенжайы _____
Адрес _____
Мүгедектік тобы _____
Группа инвалидности _____
Мүгедектік себебі _____
Причина инвалидности _____
Белгіленген күні: 20 ____ жылғы _____ " ____ "
Дата установления: _____
Мерзімі: 20 ____ жылғы " ____ " _____ бастап есептелді
Срок зачтен с _____
Мүгедектік 20 ____ жылғы " ____ " _____ дейінгі мерзімге белгіленген
Инвалидность установлена на срок до _____
Қайта куәландыру күні: 20 ____ жылғы " ____ " _____
Дата переосвидетельствования: _____
Негіздеме: медициналық-әлеуметтік сараптаманың № ____ актісі
Основание: акт медико-социальной экспертизы _____
Мөр орны _____
Место печати _____
Бөлім басшысы _____ (_____)
Руководитель отдела (Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)/
(қолы/подпись) (фамилия, имя, отчество (при его наличии))) _____
Күні: 20 ____ жылғы " ____ " _____
Дата: _____

Азамат (ша) _____
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))
Туған күні ____ жылғы " ____ " _____
Қамқоршы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))
Жүгінген күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

(жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және лауазымы)

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне тағайындау (қайта есептеу) туралы азаматтардың өтініштерін тіркеу электрондық журналы _____
(төлем түрі)

					Өтініш беруш інің тегі, аты,			Тағайындау / тағайындау			
--	--	--	--	--	------------------------------	--	--	-------------------------	--	--	--

Өтініш №	Тіркеу күні	Жүгін у күні	Бөлім ш е коды	Істің №	жеке сәйкес тендір у нөмірі	әкесін ің аты (ол болған жағдайда)	Туған күні	Төлем түрі	Инспектор	дан бас тарту шешімінің күні	Жәрдемақы мөлшері	Тағайындау күні	Тағайындау түрі
----------	-------------	--------------	----------------	---------	-----------------------------	------------------------------------	------------	------------	-----------	------------------------------	-------------------	-----------------	-----------------

Тізбеге 39-қосымша
Арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындау
және төлеу қағидаларына
12-қосымша
Нысан

_____ (төлем түрі) тағайындауға
азаматтардың өтінішін тіркеу электрондық журналы

Мемлекеттік корпорация, медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі арқылы келіп түскен электрондық өтінімдер

Өтінімнің келіп түскен күні	Өтінімнің келіп түскен уақыты	Өтінім №	Бөлім ше	Қызмет коды	Жеке сәйкес тендір у нөмірі	Тегі	Аты	Әкесін ің аты (ол болған жағдайда)	Туған күні	Мәртебесі	Негіз (төлем түрі)	Қайтару себебі
-----------------------------	-------------------------------	----------	----------	-------------	-----------------------------	------	-----	------------------------------------	------------	-----------	--------------------	----------------

Тізбеге 40-қосымша
Арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындау
және төлеу қағидаларына
13-қосымша
Нысан

_____ (төлемнің түрі) тағайындауға
құжатты (құжаттарды) жете ресімдеу қажеттігі туралы хабарлама 20____ жылғы " ____ " _____

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Өтініш берушінің туған күні _____ жылғы " ____ " _____

себебі бойынша жете ресімдеу қажеттігі туралы.

_____ (жауапты адамның лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Тізбеге 41-қосымша
Арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындау

және төлеу қағидаларына
14-қосымша
Нысан
Код _____
Облыс (қала) _____
_____ облысы (қаласы)
бойынша

**Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті департаментінің 20
_____ жылғы "____" _____ № _____ ШЕШІМІ Істің № _____ Арнаулы
мемлекеттік жәрдемақы тағайындау (өзгерту, қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту)
туралы**

Азамат (ша) _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Жынысы: _____

Туған күні: _____ жылғы "____" _____

Өтініш берілген күні: 20 _____ жылғы "____" _____ № _____

_____ (мүгедектігі бар баланың ата-анасының/асырап алушысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

I. Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодекстің 190-бабы 3-тармағының _____ тармақшасына сәйкес _____

санат бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалсын.

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері 20 _____ жылғы "____" _____ бастап 20 _____ жылғы "____" _____ қоса алғандағы мерзімге _____ теңге сомасында (сомасы жазумен)

II. Тағайындаудан бас тартылсын:

_____ (негіз)

Департамент басшысы _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Басқарма (бөлім) басшысы _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Маман _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Шешім жобасын дайындағандар:

Мемлекеттік корпорация облыстық филиалының директоры

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік корпорация облыстық филиалының маманы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің маманы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Тізбеге 42-қосымша
Арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындау
және төлеу қағидаларына
15-қосымша
Нысан

туралы № _____ хабарлама 20____ жылғы "____" _____ (төлемнің түрі) тағайындаудан бас тарту

Азамат (ша) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Туған күні _____ жылғы "____" _____

Тағайындаудан бас тарту туралы 20____ жылғы "____" _____ № _____

шешім _____ негіздеме (себебін

көрсету) тағайындаудан бас тартылды

Хабарлама жауапты адамның ЭЦҚ-мен куәландырылды

(жауапты адамның лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Тізбеге 43-қосымша
Арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындау және
төлеу қағидаларына
16-қосымша
Нысан

хабарлама 20____ жылғы "____" _____ тағайындау туралы (төлемнің түрі) № _____

Азамат (ша) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Туған күні ____ жылғы " ____ " _____
Тағайындау туралы 20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____ шешім
Тағайындалған сома: 20 ____ жылғы " ____ " _____ бастап _____ теңге
(сомасы жазбаша)
Хабарлама жауапты адамның ЭЦҚ-мен куәландырылды

(жауапты адамның лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Тізбеге 44-қосымша
Арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындау
және төлеу қағидаларына
17-қосымша

хабарлама 20 ____ жылғы " ____ " _____ төлеу күні туралы (төлемнің түрі) № _____

Азамат (ша) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Туған күні ____ жылғы " ____ " _____
Төлеу күні ай сайын " ____ " (күні) ерте емес
Хабарлама жауапты адамның ЭЦҚ-мен куәландырылды

(жауапты адамның лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Тізбеге 45-қосымша
Арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындау және
төлеу қағидаларына
18-қосымша
Нысан

Хабарламалар журналы _____ (төлемнің түрі)
Мемлекеттік корпорацияның _____ бөлімшесі бойынша

Р/с №	Ж е к е с әй к е с т е н д і р у н ө м і р і	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Туған күні	Істің №	Төлемнің түрі	Хабарламан ы табыстау күні	Маман

Тізбеге 46-қосымша
Арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындау
және төлеу қағидаларына
19-қосымша
Нысан

Sms-хабарлар электрондық журналы _____ (
төлемнің түрі) Мемлекеттік корпорацияның _____ бөлімшесі бойынша

Тағайындау/ Төлеу

Р/с №	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Туған күні	Істің №	Төлемнің түрі	sms-хабар жіберу күні	Телефон нөмірі	Маман

Тізбеге 47-қосымша
Арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындау
және төлеу қағидаларына
20-қосымша
Нысан

Елтаңба/Герб Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушының КУӘЛПГІ УДОСТОВЕРЕНИЕ получателя специального государственного пособия	Куәлік № _____ Удостоверение _____ (тегі/фамилия) _____ (аты/имя) _____ (әкесінің аты (ол болған жағдайда)/ отчество (при его наличии)) " __ " _____ жылы/года (туған жылы/дата рождения) Сурет/фото Мөр орны/Место печати Бөлімше бастығы _____ Начальник отделения Берілген уақыты " __ " _____ 20__ жылы/года Дата выдачи
1. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі _____ бабының _____ тармағына сәйкес _____ теңге мөлшерінде _____ жылдан бастап _____ дейін _____ (жәрдемақының кіші түрі) _____ _____ тағайындалды.	1. В соответствии с пунктом _____ статьи _____ Социального кодекса Республики Казахстан назначено _____ _____ (подвид пособия) в размере _____ тенге с " __ " _____ _____ года по " __ " _____ _____ года.
№ _____ куәлікке қосымша бет Жәрдемақы _____ жылғы " __ " _____ _____ бастап _____ _____ мөлшерде төленеді. Бөлімше басшысы _____	Вкладыш к удостоверению № _____ Выплата пособия производится с " __ " _____ года в размере _____ тенге. Начальник отделения

Мөр орны _____ жылғы " ____ " _____ бастап есептен шығарылды. _____ аудандық (қалалық) орталық бөлімшесі Жәрдемақы _____ теңге мөлшерінде _____ жылғы " ____ " _____ _____ дейін төленді. Бөлімше басшысы _____ Мөр орны	_____ Место печати Снят с учета с " ____ " _____ года. _____ районное (городское) отделение Государственной корпорации Выплата пособия в размере _____ теңге произведена по " ____ " _____ года. Начальник отделения _____ Место печати
_____ жылғы " ____ " _____ бастап _____ жылғы " ____ " _____ дейін жәрдемақы төлеу мерзімі ұзартылды немесе оның мөлшері өзгертілді. _____ _____ өзгеруіне байланысты _____ _____ теңге мөлшерінде жәрдемақы тағайындалды. _____ есепке алынды. Бөлімше басшысы _____ Мөр орны	Выплата пособия продлена или изменен размер с " ____ " _____ года до " ____ " _____ года. Пособие установлено в размере _____ _____ теңге в связи с изменением _____ _____. Принят на учет _____ _____. Начальник отделения _____ Место печати

Тізбеге 48-қосымша
Арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындау
және төлеу қағидаларына
21-қосымша
Нысан

Куәліктерді тіркеу журналы

Р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Істің №	Жеке куәліктің, төлқұжаттың нөмірі, кім берген, берілген күні	Алған күні	Қолы

Мөрмен бекітілген: журналдағы парақтар саны _____
(жазбаша)

Мөр орны

Бөлімше басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің маманы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Тізбеге 49-қосымша
Арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындау
және төлеу қағидаларына
22-қосымша
Нысан

Код _____

Облыс (қала) _____

_____ облысы (қаласы) бойынша Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті департаментінің 20__ жылғы "___" _____ № _____ ШЕШІМІ Істің № _____ Арнаулы мемлекеттік жәрдемақының мөлшерін өзгерту туралы

Азамат (ша) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Жынысы: _____

Туған күні: _____ жылғы "___" _____

санаты бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері 20__ жылғы "___" _____ дейін _____ (сомасы жазбаша).

Айлық есептік көрсеткіштің, ең төменгі күнкөріс деңгейінің өзгеруіне байланысты арнаулы мемлекеттік жәрдемақының жаңа мөлшері бекітілсін:

_____ (нормативті құқықтық актінің атауы, нөмірі және күні)

20__ жылғы "___" _____ бастап арнаулы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері _____ теңге.

(сомасы жазбаша)

20__ жылғы "___" _____ бастап 20__ жылғы "___" _____ дейін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері _____

_____ теңге.

(сомасы жазбаша)

Департамент басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Басқарма (бөлім) басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Маман _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Шешім жобасын дайындағандар:

Мемлекеттік корпорация облыстық филиалының директоры _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік корпорация облыстық филиалының маманы _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің маманы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Тізбеге 50-қосымша
Арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындау
және төлеу қағидаларына
23-қосымша
Нысан

Код _____

Облыс (қала)

_____ облысы (қаласы) бойынша Халықты әлеуметтік
қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті департаментінің 20__ жылғы "___" _____
№ _____ ШЕШІМІ Істің № _____ Шешімнің қолдану мерзімінің
ұзартылуы және (немесе) арнаулы мемлекеттік жәрдемақы мөлшерінің өзгеруі,
қамқоршының немесе алушының ауысуы туралы

Азамат (ша)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Жынысы:

Туған күні: _____ жылғы "___" _____

Өтініш күні _____ жылғы "___" _____ № _____

(мүгедектігі бар бала ата-анасының/қамқоршысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы санаты

I. 20 _____ № _____ арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау туралы
шешімінің қолдану мерзімін ұзарту:

арнаулы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері 20 _____ жылғы _____
_____ бастап, 20 _____ жылғы _____ дейін _____ теңге
сомасында (_____ (жазбаша)) бекітілсін.

II. Тағайындаудан бас тартылсын:

(негіздеме)

Департамент басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Басқарма (бөлім) басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Маман _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Шешім жобасын дайындағандар:

Мемлекеттік корпорация облыстық филиалының директоры

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік корпорация облыстық филиалының маманы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің маманы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Тізбеге 51-қосымша
Арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындау
және төлеу қағидаларына
24-қосымша
Нысан

Код _____
Облыс (қала)

_____ облысы (қаласы) бойынша Халықты әлеуметтік
қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті департаментінің 20 ____ жылғы " ____ "
№ ____ ШЕШІМІ Істің № _____
_____ (төлем түрін көрсету) төлемді тоқтата тұру туралы

Азамат (ша) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Жынысы: _____

Туған күні: _____ жылғы " ____ " _____

_____ жылғы " _____ " _____ бастап төлемді тоқтата тұрсын
Негіз

(себебін көрсету)

Департамент басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Басқарма (бөлім) басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Маман _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Шешім жобасын дайындағандар:

Мемлекеттік корпорация облыстық филиалының директоры

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік корпорация облыстық филиалының маманы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің маманы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Тізбеге 52-қосымша
Арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындау
және төлеу қағидаларына
25-қосымша
Нысан

Код _____

Облыс (қала)

_____ облысы (қаласы) бойынша Халықты әлеуметтік қорғау
саласындағы реттеу және бақылау комитеті департаментінің 20 _____ жылғы " _____ "

№ _____ ШЕШІМІ Істің № _____

_____ (төлем түрін көрсету) төлемді тоқтату туралы

Азамат (ша) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Жынысы: _____
Туған күні: _____ жылғы " _____ " _____
_____ жылғы " _____ " _____ бастап төлем тоқтатылсын
Негіз

(себебін көрсету)

Департамент басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Басқарма (бөлім) басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Маман _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Шешім жобасын дайындағандар:

Мемлекеттік корпорация облыстық филиалының директоры

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік корпорация облыстық филиалының маманы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің маманы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Тізбеге 53-қосымша
Арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындау
және төлеу қағидаларына
26-қосымша
Нысан

Арнайы комиссияның қарауына жіберілетін құжаттардың тізімі

Р/с №	Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Туған жылы	Тұрғылықты жері	Істегі парақ саны

Мөр орны

Берді:

Мемлекеттік корпорация _____ бөлімшесінің басшысы

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын
--	---

1	Мемлекеттік қызметтің атауы	алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Жок
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); 2) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы (қызметті алушының ұялы байланыс абоненттік құрылғысының телефон нөмірі "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген жағдайда); 3) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал).
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері: 1) Мемлекеттік корпорацияға, порталға немесе проактивті қызмет арқылы жүгінген кезде – құжаттар топтамасы тіркелген сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі жетіспейтін құжатты (құжаттарды) толықтыру үшін қажеттілігіне қарай іс материалдарын жете ресімдеу қажет болған жағдайларда күнтізбелік 30 (отыз) күн мерзімге ұзартылады, бұл ретте, егер құжаттар жете ресімделсе, мемлекеттік қызмет Мемлекеттік корпорацияға қосымша құжатты (құжаттарды) ұсынылған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде көрсетіледі. Мемлекеттік корпорация өтініш берушіні қосымша құжаттарды ұсыну қажеттілігі туралы 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

		2) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут; 3) мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут.
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/ қағаз түрінде/ проактивті
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Қызметті алушының "жеке кабинетіне" жәрдемақы тағайындау туралы хабарлама немесе ұялы телефонына sms-хабарлама және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
		1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, түскі үзілісті ескере отырып, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін өтінішті қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі; 2) Мемлекеттік корпорацияның – өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мерекелік күндерден басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі

дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Қабылдау жеделдетіп қызмет көрсетусіз, көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша "электрондық кезек" тәртібімен жүзеге асырылады, портал арқылы электрондық кезекті броньдауға болады.

3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналастырылған:

- 1) Министрлік – www.enbek.gov.kz "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;
- 2) Мемлекеттік корпорация – www.gov4c.kz.

Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариус немесе нотариаттық іс-әрекеттер жасайтын лауазымды адам куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша наградталған ана берілетін жәрдемақыны тағайындау үшін өтінішті және мынадай құжаттарды ұсынады

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (жеке куәлік, шетелдіктің тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі) немесе цифрлық

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін);

2) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған көпбалалы ана атағын алғандығын немесе марапатталғанын растайтын құжат

.
Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін – Байқоңыр қаласының тұрғын үй шаруашылығы азаматтарды есепке алу және тіркеу бөлімінің анықтамасы.

проактивті қызмет арқылы:

жәрдемақы тағайындау үшін – проактивті қызмет көрсетуге көрсетілетін қызметті алушының келісімі, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы банктік шот нөмірін растау немесе ұсыну туралы хабарлама жіберіледі.

Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын және тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін (тұру фактісін растау үшін), "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр Ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы ананың марапатталғанын немесе атақ алғанын растайтын құжатты, сондай-ақ банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сауалдарына сәйкес тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

порталға:

жәрдемақы тағайындау үшін – Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында портал арқылы "

	Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы тағайындауға өтініш, сонымен қатар "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған көпбалалы ана атағын алғандығын немесе марапатталғанын растайтын құжаттың электронды көшірмесі. проактивті қызмет арқылы: жәрдемақы тағайындау үшін – проактивті қызмет көрсетуге көрсетілетін қызметті алушының келісімі, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы банк шотының нөмірі расталады. Көрсетілетін қызметті берушілер бірреттік құпиясөз беру жолымен немесе порталдың хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісу кезінде, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжаттарды алады.
	1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қағидалармен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы;

6) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

1. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары мынадай интернет-ресурстарда орналастырылған:

1) Министрлік – www.enbek.gov.kz "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

2) Мемлекеттік корпорация – www.gov4c.kz.

2. Заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетінше жүріп-тұру, бағдарлану, қабілетін толық немесе ішінара жоғалту мүмкіндігі бар көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкері көрсетілетін қызметті алушының "

Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар

1414" Бірыңғай байланыс орталығы, 8 800 080 7777 арқылы өтініші арқылы тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

Физикалық тұрғыдан мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін пандустың, шақыру түймесінің, зағиптар мен нашар көретіндерге арналған тактильді жолдың, күту залының, үлгі құжаттары бар тіректің болуы қажет.

3. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ және мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпарат болған кезде көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414" Бірыңғай байланыс орталығы, 8 800 080 7777 арқылы портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алу мүмкіндігі бар.

Наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау проактивті қызмет арқылы қызмет көрсету субъектісінің бастамасы бойынша ұсынылады, оны көрсету үшін ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы ұсынылған қызметті алу субъектісінің міндетті келісімі қажет.

Цифрлық құжаттар сервисі мобилді қосымшада авторизацияланған қолданушыларға қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін ЭЦҚ-ны немесе бірреттік құпиясөзді пайдалану арқылы мобилді қосымшада авторизациядан өту, содан кейін "Цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
2026 жылғы 26 мамырдағы
№ 195 бұйрыққа
4-қосымша
Арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындау
және төлеу қағидаларына
3-қосымша

"Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау
2	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері
		1. Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау; 2. Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы , контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау; 3. Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау; 4. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау; 5. Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған

Мемлекеттік көрсетілетін
қызметтің кіші түрінің (бар болса)
атауы

Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына) арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

6. Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегерлеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

7. Қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

8. Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

9. 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

10. 1988-1989 жылдары Чернобыль АЭС-ындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылардың қоныс аудару күні құрсақта болған балаларын қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныстанғандардың (өз еркімен кеткендердің) қатарындағы адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

11. Жасына байланысты берілетін зейнетақы төлемдеріне мүгедектігі бойынша төленетін айлық

жәрдемақы мөлшеріне дейін қосымша төлем алушыларды қоспағанда, жасына байланысты берілетін зейнетақы төлемдері немесе еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақы төлемдері тағайындалған бірінші, екінші және үшінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

12. Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын мүгедектігі бар жеті жасқа дейінгі балаларға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

13. Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын, жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар балаларға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

14. Саяси қуғын-сүргін құрбандары, мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

15. Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

16. "Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы" құрметті атағына ие болған адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

17. "Халық қаһарманы" атағына ие болған адамдарға арнаулы

		мемлекеттік жәрдемақы тағайындау; 18. "Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау; 19. Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау.
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	1) қызмет көрсетуші (мүгедектік алғаш рет белгіленген кезде): жасына байланысты берілетін зейнетақы төлемдеріне мүгедектігі бойынша төленетін айлық жәрдемақы мөлшеріне дейін қосымша төлем алушыларды қоспағанда, жасына байланысты берілетін зейнетақы төлемдері немесе еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақы төлемдері тағайындалған бірінші, екінші және үшінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау; Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын мүгедектігі бар жеті жасқа дейінгі балаларға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау; Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын, жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар балаларға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау; 2) Мемлекеттік корпорация арқылы : барлық кіші түрлер; 3) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал)

		арқылы – барлық кіші түрлер (мемлекеттік қызметті көрсетудің мәртебесі туралы ақпарат алу үшін); 4) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы: "Халық қаһарманы" атағына ие болған адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау; "Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау.
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: 1) көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға немесе проактивті қызмет арқылы жүгінген кезде – өтініштерді тіркеудің электрондық журналдарында құжаттардың топтамасын тіркеген сәттен бастап – 8 (сегіз) жұмыс күні; Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: ұсынылған құжаттың (құжаттардың) дәйектілігін тексеру немесе қосымша құжат (құжаттар) сұрату үшін қажеттігіне қарай істер материалдарын жете ресімдеу қажет болғанда – 30 (отыз) жұмыс күні мерзіміне ұзартылады, бұл ретте, егер құжаттар жете ресімделсе, мемлекеттік қызмет қосымша құжатты (құжаттарды) Мемлекеттік корпорацияға ұсынған күннен бастап 8 (сегіз) жұмыс күні көрсетіледі. 2) құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты Мемлекеттік корпорацияда – 15 минут, көрсетілетін қызметті берушіде – күту үшін уақыт талап етілмейді; 3) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты Мемлекеттік корпорацияда – 20 минут, көрсетілетін қызметті берушіде – 30 минут.
		Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/ қағаз

түрінде/ "Бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін:

жасына байланысты берілетін зейнетақы төлемдеріне мүгедектігі бойынша төленетін айлық жәрдемақы мөлшеріне дейін қосымша төлем алушыларды қоспағанда, жасына байланысты берілетін зейнетақы төлемдері немесе еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақы төлемдері тағайындалған бірінші, екінші және үшінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын мүгедектігі бар жеті жасқа дейінгі балаларға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын, жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар балаларға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау.

Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/ қағаз түрінде/ проактивті:

"Халық қаһарманы" атағына ие болған адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

"Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау.

Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/ қағаз түрінде:

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;
жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;
жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;
Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;
Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына) арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;
Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш

дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегерлеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

1988-1989 жылдары Чернобыль АЭС-ындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылардың қоныс аудару күні құрсақта болған балаларын қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныстанғандардың (өз еркімен кеткендердің) қатарындағы адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

саяси қуғын-сүргін құрбандары, мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау;

"Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы" құрметті атағына ие болған адамдарға

		арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау; басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау.
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: жәрдемақыны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде. Порталда жәрдемақыны тағайындау туралы ақпарат өтініш берушінің "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі. Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушының мобильді телефонына sms-хабар жіберу арқылы көрсетілетін қызметті алушыны қабылданған шешім туралы хабардар етеді. Проактивті қызмет арқылы қызмет көрсетілгенде қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының мобильді телефонына sms-хабар жіберу арқылы ұсынылады.
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
		Жұмыс кестесі: 1) Мемлекеттік корпорацияда – өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мерекелік күндерден басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі

алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Қабылдау "электрондық кезек" тәртібінде, өтініш берушінің жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады;

2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы;

3) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, түскі үзілісті ескере отырып, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін өтінішті қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің www.enbek.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде;

2) Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

Мемлекеттік корпорацияға немесе көрсетілетін қызметті берушіге:

1. Өтініш беруші (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) мемлекеттік қызметті көрсету үшін Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшасының

нысанына сәйкес, көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде – осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті, сондай-ақ мынадай құжаттарды ұсынады:

1) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке куәлік, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің тұруға ықтиярхаты, не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін);

2) Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін – шекаралас аумақтағы елді мекендегі тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгендігі туралы мәліметтер;

3) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-бағанының 2-тармағында көрсетілген жәрдемақы алуға құқығын растайтын құжаттар.

Көрсетілген құжаттарда қамтылған ақпаратты мемлекеттік ақпараттық жүйелер растағанда, өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжатты, тұрғылықты тұратын жерін растайтын құжатты, Қазақстан Республикасының аумағында 2007 жылғы 13 тамыздан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша баланың (балалардың) тууы туралы куәлігін (куәліктері) не туу туралы акті жазбасынан үзінді көшірмені, неке қию туралы куәлікті (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 маусымнан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша), медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесінің мүгедектік туралы анықтамаларын көрсетілетін қызметті беруші " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Көрсетілетін қызметті берушілер бірреттік құпиясөз беру жолымен

немесе порталдың хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімімен, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжаттарды алады.

2. Жәрдемақы алу құқығын растайтын құжаттар:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін – Ұлы Отан соғысы ардагерінің куәлігі;

2) Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегерлері үшін – награданың куәлігі;

3) "Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы" құрметті атағына ие болған адамдар үшін – "Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы" құрметті атағы берілгенін растайтын құжат;
4) "Халық қаһарманы" атағына ие болған адамдар үшін – "Халық қаһарманы" атағы берілгенін растайтын құжат;

5) "Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдар үшін – "Қазақстанның Еңбек Ері" атағы берілгенін растайтын құжат;

6) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдар үшін:

Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес Ұрыс қимылдары жүрген қалалар мен жүргізілген кезеңдер тізбесінің және Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес Ұрыс қимылдары болған мемлекеттер, аумақтар және жүргізілген кезеңдер тізбесінің негізінде: майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған,

сол қалаларда Ұлы Отан соғысы кезеңінде қызмет өткерген әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымдар атқарған не сол кезеңдерде майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда болған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдамалы құрамының адамдары үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк балалары (тәрбиеленушілері) және юнгалар ретінде болған адамдар үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік; Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шет елдердің аумағында партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да фашизмге қарсы

құралымдар құрамында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына қатысқан адамдар үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік;
бұрынғы КСР Одағы Қатынас жолдары халық комиссариатының , Байланыс халық комиссариатының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтерілу құрамының, Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы бас басқармасының ұшу-көтерілу құрамының арнаулы құралымдарының Ұлы Отан соғысы кезеңінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шекаралары, флоттардың жедел аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделері үшін міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында еріксіз ұсталған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік;
Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар үшін – "Ленинградты қорғағаны үшін" медаліне немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісіне қоса берілетін куәлік немесе 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста

болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік;
Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұстау орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындар үшін – жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқын куәлігі немесе екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлерде, гетто және басқа еріксіз ұстау орындарында мәжбүрлеп ұсталғандығы туралы архивтік анықтама немесе 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік;
1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы (бұдан әрі – Чернобыль АЭС) апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдар үшін – Чернобыль АЭС-ындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысушы куәлігі немесе Чернобыль АЭС-ындағы апаттың немесе азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқанын, ядролық сынақтарға тікелей қатысқанын растайтын құжат немесе жергілікті әскери басқару органынан азаматтық немесе әскери тағайындау объектілеріндегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан фактісін растайтын, ядролық сынақтарға тікелей қатысқанын растайтын анықтама;

7) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдар үшін:

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өткеру кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілер үшін – әскери қызметшілер қатарындағы мүгедектігі бар адам екендігі туралы куәлігі (Кеңес Армиясы мүгедегінің жеңілдіктерге құқығы туралы), жараланғаны, контузия алуы, мертігуі, мүгедектігі туралы анықтама, жергілікті әскери басқару органынан соғыс қимылдарына қатысқан фактісін растайтын анықтама немесе 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік;

қызметтік міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан не майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде қызметтік міндеттерін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген, бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік, жаралануы, контузия алуы,

мертігуі, мүгедектігі туралы анықтама, ішкі істер органдарының, Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің тиісті анықтамасы;

басқа елдердегі майдандағы әскери контингенттерге қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдары жүргізілген кезеңде жаралануы, контузия алуы, мертігуі не ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген тиісті санаттардағы жұмысшылар мен қызметшілер үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік, жаралануы, контузия алуы, мертігуі, мүгедектігі туралы анықтама, тиісті санатын және басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсету салдарынан мүгедектігі бар адам болуын растайтын құжат ;

1944 жылғы 1 қаңтар – 1951 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Украина КСР, Беларусь КСР, Литва КСР, Латвия КСР, Эстония КСР аумағында болған халықты қорғаушы жойғыш батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарындағы, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызметтік міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе мертігуі салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік, жаралануы, контузия алуы, мертігуі, мүгедектігі туралы анықтама, жергілікті әскери басқару органынан соғыс қимылдарына қатысқан фактісін растайтын анықтама;

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

Чернобыль АЭС-ындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балалары үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік, Чернобыль АЭС-ындағы апаттың немесе азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарынан мүгедектігі жөніндегі халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы аумақтық органының анықтамасы немесе Радиациялық әсерге байланысты аурудың себептік байланысын анықтау жөніндегі Өңірлік сараптама кеңесінің қорытындысы;

8) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері үшін: Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес Басқа мемлекеттер аумағында жүргізілген ұрыс қимылдары кезеңдері тізбесінің және Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес Ұрыс қимылдары болған мемлекеттер, аумақтар және жүргізілген кезеңдер тізбесінің негізінде:

басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар, атап айтқанда:

бұрынғы КСР Одағының үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері,

бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда);
оқу жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілер;
Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері;
бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілері;
Ауғанстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жарақат, контузия алған немесе мертіккен не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік;
жергілікті әскери басқару органынан басқа мемлекет аумағында соғыс қимылдарына қатысқандығын растайтын анықтама немесе басқа мемлекеттердің аумағында ұрыс қимылдарына қатысқандығы туралы белгі соғылған әскери билет, Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткендігін растайтын құжат және жараланған, контузия алған немесе мертіккендігін растайтын медициналық құжаттар, ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендеріне және медальдарына қоса берілетін куәлік;
1992 жылғы қыркүйек – 2001 жылғы ақпан аралығындағы

кезеңде Тәжікстан-Ауғанстан учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын күзетуді күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерді орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері үшін – Тәжікстан-Ауғанстан учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын күзетуге қатысқандығын растайтын жергілікті әскери басқару органынан анықтама; 2003 жылғы тамыз – 2008 жылғы қазан аралығындағы кезеңде Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері үшін – Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқандығын растайтын жергілікті әскери басқару органынан анықтама; 1986 – 1991 жылдар аралығындағы кезеңде Таулы Қарабақтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары үшін – Таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқандығын растайтын жергілікті әскери басқару органынан анықтама;

9) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлері үшін – әскери қызметшінің қайтыс болғандығы туралы куәлік немесе хабарлама, немесе жергілікті әскери басқару органынан хабар-ошарсыз кету фактісі туралы анықтама, әскери қызметшіге туыстық жақындығын растайтын құжат (неке туралы

куәлік, балалардың туу туралы куәлігі);

10) Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы) үшін – неке туралы куәлік, жұбайының (зайыбының) қайтыс болғандығы туралы куәлік, жұбайының (зайыбының) мүгедектігін растайтын құжат;

11) Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары үшін – қаза тапқан (қайтыс болған) адамның өлімі туралы хабарлама немесе куәлік, әскери қызметшінің қаза тапқан немесе хабар-ошарсыз кеткен фактісі туралы жергілікті әскери басқару органынан анықтама, қаза тапқан адаммен туыстық жақындығын растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі);

резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда, бейбіт уақытта әскери қызметін, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасылары үшін – қаза тапқан (қайтыс болған) адамның өлімі туралы хабарлама немесе куәлік, резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда, әскери қызметшінің бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан фактісі туралы жергілікті әскери басқару органынан анықтама, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкердің бейбіт уақытта арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметін өткеру кезінде қаза тапқан фактісі туралы арнаулы мемлекеттік органдарынан анықтама, қаза тапқан адаммен туыстық жақындығын растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі);

қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасылары үшін – қаза тапқан (қайтыс болған) адамның өлімі туралы хабарлама немесе куәлік, қызмет міндеттерін атқару кезінде қаза табу фактісін растайтын ішкі істер органдарынан анықтама немесе құжат, қаза тапқан адаммен туыстық байланысын растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәліктері);

Чернобыль АЭС-ындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары үшін – қаза тапқан адамның өлімі туралы куәлік, Чернобыль АЭС-ындағы апаттың және азаматтық немесе әскери

мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қайтыс болғанын растайтын құжат, қаза тапқан адаммен туыстық жақындығын растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі);

сәуле ауруының салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектігі бар адамдардың, сондай-ақ қайтыс болуы белгіленген тәртіппен Чернобыль АЭС-ындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне байланысты болған азаматтардың отбасылары үшін – сәуле ауруының салдарынан қайтыс болған адамның немесе қайтыс болған мүгедектігі бар адамның, сондай-ақ өлімі Чернобыль АЭС-ындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың әсер етуіне белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтың өлімі туралы куәлік, өлімнің радиациялық әсер ету салдарынан болғанын растайтын құжат, қаза тапқан адаммен туыстық жақындығын растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі);

12) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар үшін – 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған нысандар бойынша бұрынғы КСР Одағының тиісті органдары берген куәлік немесе наградтау куәлігі, немесе архивтік анықтама, немесе

наградталу фактісі туралы жазбасы бар еңбек кітапшасы;

13) 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар үшін – еңбек кітапшасы немесе 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда, жұмысы туралы мәліметтерді қамтитын өзге де құжаттар, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда, әскери қызмет кезеңі туралы мәліметтерді қамтитын әскери билет немесе анықтама.

Сондай-ақ, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда, жұмысы туралы мәліметтерді қамтитын құжаттарға:

жұмыс орны, сондай-ақ архив мекемелері берген жұмыс кезеңдері туралы мәліметтері бар құжаттар; бұйрықтардан, жеке шоттары мен жалақы төлеуге арналған ведомостардан үзінді көшірмелер; коммунистік партия немесе кәсіподақ мүшелерінің мүшелік билеттері немесе есеп карточкалары; қызметін бұрын қолданыста болған заңнамаға сәйкес жүзеге асырып келген жұмыс өтілін белгілеу жөніндегі, зейнетақы тағайындау жөніндегі комиссиялардың шешімдері; сот шешімдері; арнайы комиссиялардың шешімдері; 1998 жылға дейін берілген жеңілдіктерді алуға құқығы туралы куәлік; фабрика-зауыт училищелерінде оқу фактісін растайтын анықтамалар жатады.

14) 1988 – 1989 жылдары Чернобыль АЭС-ындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса

алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдар үшін – Чернобыль АЭС-ындағы аварияны жоюға қатысушының куәлігі немесе Чернобыль АЭС-ындағы аварияны жоюға қатысу фактісін растайтын жергілікті әскери басқару органынан анықтама, балалардың туу туралы куәлігі;

15) жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақының мөлшеріне дейін қосымша төлем алушыларды қоспағанда, жасына байланысты зейнетақы төлемдері немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тағайындалған бірінші, екінші және үшінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын бірінші, екінші және үшінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар, оның ішінде мүгедектігі бар жеті жасқа дейінгі балалар үшін – мүгедектігі туралы анықтама, Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатынын растайтын құжат;

16) Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын жетіден он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтардағы мүгедектігі бар балалар үшін – мүгедектігі туралы анықтама, Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатынын растайтын құжат;

17) саяси қуғын-сүргін құрбандары, мүгедек болып қалған немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдар үшін – мүгедектігі туралы анықтама,

		зейнеткерлік куәлік, ақталған азаматтың куәлігі немесе прокуратура органдарынан немесе ішкі істер немесе ұлттық қауіпсіздік органдарынан ақталғаны туралы анықтамалары немесе ақталғаны туралы соттың шешімі; 18) Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар үшін – дербес зейнеткер куәлігі немесе Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы белгілеу жөніндегі комиссияның Қазақстан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындау туралы шешімінен үзінді көшірме. Проактивті қызмет арқылы жәрдемақы тағайындау үшін: проактивті қызмет көрсетуге көрсетілетін қызметті алушының келісімі, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы банктік шот нөмірін растау немесе ұсыну туралы хабарлама жіберіледі. 3. Порталда ақпарат алу үшін: өтініш берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу.
	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса)	1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қағидалармен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін

